

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Кабылов Арман Сагинтаевич

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫН ДАМУ
(АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ҚОБДА АУДАНЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ Тугелбаева А.Ә.

Жоба (зерттеу) қорғауға жіберілді: 20__ жылы «__» _____

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С.с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	15
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	15
ҚОРЫТЫНДЫ.....	39
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	40
ҚОСЫМШАЛАР.....	42

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі;

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексі;

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» № 333-VI Заңы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылған:

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚБ	– Қоғамдық бірлестіктер
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ТДМ	– Тұрақты даму мақсаты
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
АҚШ	– Америка құрама штаттары
АҚДҚ	– Азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы

КІРІСПЕ

Елімізді өркениетті даму жолына алып шығатын жалғыз жол – билік бөлінісі мен тәуелсіз институттары қалыптасып, қызмет ететін, адам құқықтары мен бостандықтарын құрмет тұтатын демократиялық қоғам құру. Қазіргі қазақ қоғамында демократия мен либералдық идеялардың үстемдік құруына бірқатар факторлар кедергісін келтіріп отыр. Тіпті бұлардың азаматтардың санасында орнығуына тосқауыл жасайтын күштер де жоқ емес. Демократия – азаматтық қоғамды дамыту арқылы қалыптасатыны белгілі.

Өзектілігі. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамындағы 193 ел бірлесіп, «2030 жылға дейінгі Ғаламдық күн тәртібін» қабылдады. Оны қысқаша «Тұрақты даму мақсаттары» деп атады. Тұрақты даму мақсаттарының негізгі қағидасы «Ешкімді назардан тыс қалдырмау». ТДМ қағидасынан оған қол жеткізуге жауапкершілік тек Үкіметке жүктелмейтінін байқауға болады. Ғаламдық мақсаттарға қол жеткізу жолында елдегі азаматтық сектор, бизнес ғана емес, әр адамның белсенді қатысуы аса маңызды [1].

Мақсаты. Азаматтық қоғам құқықтылықты алға тартуды мақсат етеді және оны дамыту – азаматтық қоғам өкілдерінің мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, елдің, өңірдің, жергілікті жердің өзекті мәселелерін көтеруге және оларды бірлесе шешуге белсенділігі мен ықпалын арттырады. Азаматтық қоғам ұғымы елімізде бұған дейін де болды, алайда тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұстанған «Бірінші экономика, содан соң саясат» деген қағида ұзақ жылдар бойы елдің саяси өмірінде азаматтық қоғамның тиісті деңгейде дамуына көлеңкесін түсірді. Магистрлік жобада Ақтөбе облысы, Қобда ауданындағы азаматтық қоғамның дамуы жолындағы оң тәжірибелерді қарастыру мақсаты көзделіп отыр.


Міндеті. Сонымен, азаматтық қоғамның міндеті неде? Азаматтық қоғам сыни көзқарас білдіру арқылы, елдің болашағына алаңдаушылық таныту арқылы, еріктілік таныту арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік басқару ісіне өз үлесін қоса алады. Мемлекеттік мәселелермен мемлекет ғана емес, азаматтық қоғам да айналысуы тиіс. Ол үшін демократиялық қоғамның басты ұстанымы болып табылатын сөз бостандығы, азаматтардың қоғамдық бірлестіктер құрып, бірігуі шектелмеуі керек. Бұл бұлжымас қағида барлық уақытта да маңызды. Жоба тақырыбы ретінде таңдалған Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамын дамыту Ақтөбе облысы Қобда ауданының мысалындағы әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік шиеленіс картасын жасау, әлеуметтік шиеленіс картасына сәйкес өзекті сұрақтарды Қоғамдық кеңестің отырыстарында қарау, сол арқылы шиеленістерді максималды түрде азайтып, митингтер мен пикеттердің, шерулердің алдын алу, әр сала бойынша ҮЕҰ-дарды ашу, әлеуметтік маңызды жобаларды меценаттық көмектер арқылы жүзеге асыру міндеттері бойынша нақты кейстер келтіріледі.

Зерттеу объектісі мен мәні. Магистрлік жобада азаматтық қоғамды дамытуға байланысты сөз бостандығын шектемеу, журналисттік зерттеулер

жүргізу, жалпы журналистиканы дамыту, азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастама жасауын дамыту, қоғамдық институттарды және олардың жұмысын дамыту, қоғамдық бірлестіктер құрудың механизмдерін жетілдіру, халық қатысатын бюджет, бейбіт митингтер, шерулер ұйымдастыру мәселелері талқыланып, зерттеу объектілері ретінде қаралмақ. Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін зерттеу және оң тәжірибесін талдау арқылы жалпы Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды жақсарту бойынша нақты ұсыныстар ұсынылады.

Зерттеу нысаны. Зерттеу жобасында деректерді жинау және талдау әдісі ретінде Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігі тарапынан ұсынылған әлеуметтік зерттеу институты дайындаған деректер, соның ішінде кестелер мен сауалнамалар, диаграммалар, 2024 жылдың 8-19 қаңтар аралығында ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінен өндірістік тәжірибеден өту барысында алынған заң жобаларына қатысты стенограммалар, 2024 жылдың 4-16 наурыз аралығында Болгария Республикасының Святой Климент Охридский атындағы София университетінен тағылымдамадан өту барысында алынған шет елдік тәжірибелер, азаматтық қоғам саласындағы сарапшылармен сұқбат барысында алынған мәлімдемелер мен ақпараттар, ашық ақпарат көздеріндегі статистикалық деректер және осы саладағы әдебиеттер зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде таңдалған әдістер мен ресми деректер тараптардың рұқсатымен магистрлік жобаға енгізілді. Зерттеу нысанындағы Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам саласындағы қазіргі жағдайы мен Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы нақты мысалдардың келтірілуі, сарапшылардың пікірлері жоба тақырыбына сәйкес тиімді нәтижелерге жетуге ықпал етеді деп есептеймін.

Азаматтық қоғамда қордаланған сұрақтар мен мәселелер жеткілікті. Алдымен саладағы өзекті мәселелерге тоқталар болсам, әлемде жыл сайын **баспасөз бостандығы индексі мен демократия индексі** жарияланады. Дүниежүзілік баспасөз бостандығы индексі (Worldwide press Freedom Index) - "Шекарасыз репортерлар" халықаралық үкіметтік емес ұйымы (Reporters Without Borders) шығаратын жыл сайынғы зерттеу және онымен бірге жүретін әлем елдеріндегі баспасөз бостандығының жай-күйі туралы рейтинг. Рейтингте әлем елдерінің саясат, экономика, құқық, әлеуметтік сала, қауіпсіздік саласы бойынша соңғы есепті жылмен салыстырмалы түрде ақпаратты қамтиды. Рейтинг 2001 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін шығарылады. Ұйымның сарапшылары Индекс әр нақты елдегі сөз бостандығының жай-күйін дәл анықтай алады деп санайды. Рейтингтен елдің пікірі, журналистер мен жалпы БАҚ-тың қаншалықты еркін екендігін байқауға болады [2].



1-сурет – Әлемдегі баспасөз бостандығы индексі мен демократия индексі Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Рейтингті қалыптастыру әдістемесінің және ол үшін деректер көздерінің толық сипаттамасы кезекті салыстырмалы зерттеу нәтижелері бойынша reporters without Borders жыл сайынғы баяндамасында келтіріледі.

Кесте 1 – Әлем елдеріндегі сөз бостандығының жай-күйі

№	Мемлекет	Саясат	Экономика	Көрсеткіші
1	Норвегия	96.54	92.46	Сөз бостандығы жақсы жағдайдағы елдер
2	Ирландия	93.91	82.11	
3	Дания	91.95	85.17	
4	Швеция	92.58	86.08	
5	Финляндия	91.55	83.80	
6	Нидерланды	88.93	89.08	
7	Литва	88.00	77.65	
8	Эстония	85.36	76.75	
9	Португалия	86.32	71.02	Сөз бостандығы қанағаттанарлық жағдайдағы елдер
10	Шығыс Тимор	81.88	74.51	
21	Германия	87.33	82.31	
71	Болгария	58.25	37.91	Сөз бостандығында елеулі проблемалары бар елдер
72	Венгрия	45.63	43.94	
77	Грузия	48.40	47.17	
79	Украина	60.63	63.48	
88	Монғолия	54.66	38.95	
122	Қырғызстан	48.13	47.25	
129	Сингапур	38.75	42.40	Сөз бостандығы қиын жағдайдағы елдер
134	Қазақстан	44.06	36.03	
137	Өзбекстан	45.52	38.40	

Кесте-1 жалғасы

152	Ауғанстан	48.96	44.93	Сөз бостандығы өте ауыр жағдайдағы елдер
153	Тәжікстан	34.17	37.09	
157	Беларусь	32.34	47.67	
161	Үндістан	33.65	34.15	
164	Ресей Федерациясы	32.43	36.17	
165	Түркия	36.56	29.41	
166	Египет	29.63	31.96	
167	Ирак	39.25	28.04	
170	Біріккен Араб Әмірліктері	37.19	33.33	
171	Бахрейн	30.63	25.25	
172	Куба	32.85	35.73	
173	Мьянма	35.75	40.98	
174	Эритрея	33.13	26.96	
175	Сирия	33.65	25.49	
176	Түркіменстан	23.25	20.39	
177	Иран	33.67	30.51	
178	Вьетнам	23.75	17.16	
179	Қытай Халық Республикасы	26.06	29.51	
180	Солтүстік Корея	26.56	21.57	

Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Кесте 2 – Әлем елдеріндегі сөз бостандығының жай-күйі

№	Мемлекет	Құқық саласы	Әлеуметтік сала	
1	Норвегия	94.92	95.98	Сөз бостандығы жақсы жағдайдағы елдер
2	Ирландия	82.55	94.03	
3	Дания	87.50	87.78	
4	Швеция	88.74	88.64	
5	Финляндия	84.86	89.17	
6	Нидерланды	90.30	86.53	
7	Литва	84.53	89.43	
8	Эстония	82.88	90.75	
9	Португалия	84.38	89.77	Сөз бостандығы қанағаттанарлық жағдайдағы елдер
10	Шығыс Тимор	83.02	87.12	
21	Германия	85.85	87.19	
71	Болгария	70.25	65.53	Сөз бостандығында елеулі проблемалары бар елдер
72	Венгрия	70.94	72.62	
77	Грузия	76.00	75.00	
79	Украина	80.66	80.40	
88	Монғолия	59.61	63.95	
122	Қырғызстан	50.19	49.09	
129	Сингапур	27.36	51.99	Сөз бостандығы қиын жағдайдағы елдер
134	Қазақстан	44.34	59.37	
137	Өзбекстан	52.20	43.56	

Кесте-2 жалғасы

152	Ауғанстан	42.77	30.68	Сөз бостандығы өте ауыр жағдайдағы елдер
153	Тәжікстан	51.57	36.17	
157	Беларусь	28.07	48.30	
161	Үндістан	42.92	45.27	
164	Ресей Федерациясы	34.51	38.94	
165	Түркия	41.16	30.11	
166	Египет	34.72	39.55	
167	Ирак	31.13	36.36	
170	Біріккен Араб Әмірліктері	21.70	30.11	
171	Бахрейн	21.93	33.52	
172	Куба	14.36	29.94	
173	Мьянма	20.19	24.77	
174	Эритрея	23.43	26.16	
175	Сирия	24.34	29.55	
176	Түркіменстан	29.62	9.32	
177	Иран	20.17	16.06	
178	Вьетнам	18.40	32.95	
179	Қытай Халық Республикасы	17.36	17.07	
180	Солтүстік Корея	22.64	4.60	

Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Кесте 3 – Әлем елдеріндегі сөз бостандығының жай-күйі

№	Мемлекет	Қауіпсіздік саласы	Көрсеткіші
1	Норвегия	95.98	Сөз бостандығы жақсы жағдайдағы елдер
2	Ирландия	96.94	
3	Дания	95.00	
4	Швеция	84.72	
5	Финляндия	90.35	
6	Нидерланды	80.18	
7	Литва	94.33	
8	Эстония	90.79	
9	Португалия	91.48	Сөз бостандығы қанағаттанарлық жағдайдағы елдер
10	Шығыс Тимор	95.93	
21	Германия	66.88	
71	Болгария	82.94	Сөз бостандығында елеулі проблемалары бар елдер
72	Венгрия	81.66	
77	Грузия	61.90	
79	Украина	20.78	
88	Монғолия	79.49	
122	Қырғызстан	54.91	Сөз бостандығы қиын жағдайдағы елдер
129	Сингапур	78.89	
134	Қазақстан	45.54	
137	Өзбекстан	48.98	

Кесте-3 жалғасы

152	Ауғанстан	31.41	Сөз бостандығы өте ауыр жағдайдағы елдер
153	Тәжікстан	36.30	
157	Беларусь	29.45	
161	Үндістан	27.12	
164	Ресей Федерациясы	31.82	
165	Түркия	32.58	
166	Египет	31.02	
167	Ирак	29.90	
170	Біріккен Араб Әмірліктері	39.80	
171	Бахрейн	41.64	
172	Куба	32.14	
173	Мьянма	19.60	
174	Эритрея	29.61	
175	Сирия	23.07	
176	Түркіменстан	46.53	
177	Иран	23.62	
178	Вьетнам	30.66	
179	Қытай Халық Республикасы	24.87	
180	Солтүстік Корея	33.25	

Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Кесте 4 – Әлем елдеріндегі сөз бостандығының жай-күйі

№	Мемлекет	Бір жыл ішіндегі өзгеріс
1	Норвегия	2.53
2	Ирландия	1.61
3	Дания	-0.79
4	Швеция	-0.69
5	Финляндия	-0.48
6	Нидерланды	9.07
7	Литва	2.65
8	Эстония	-3.52
9	Португалия	-2.47
10	Шығыс Тимор	2.60
21	Германия	-0.13
71	Болгария	3.86
72	Венгрия	3.16
77	Грузия	2.39
79	Украина	5.43
88	Монғолия	0.16
122	Қырғызстан	-14.34
129	Сингапур	3.65
134	Қазақстан	-2.41
137	Өзбекстан	-0.01
152	Ауғанстан	1.48
153	Тәжікстан	-1.20
157	Беларусь	-2.45
161	Үндістан	-4.38


Кесте-4 жалғасы

164	Ресей Федерациясы	-4.05
165	Түркия	-7.28
166	Египет	3.14
167	Ирак	4.35
170	Біріккен Араб Әмірліктері	-1.28
171	Бахрейн	-0.38
172	Куба	1.68
Кесте-4 жалғасы		
173	Мьянма	3.23
174	Эритрея	8.24
175	Сирия	-1.72
176	Түркіменстан	0.81
177	Иран	1.59
178	Вьетнам	-1.53
179	Қытай Халық Республикасы	-2.20
180	Солтүстік Корея	7.80

Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Соңғы 1 жыл ішіндегі деректермен салыстырғанда – 2,41 ұпайға төмендегеніне назар аударар болсақ, сөз бостандығын қалыптастыру бойынша әлі де кешенді жұмыстар жүргізу керек екенін байқауға болады.

Ал Ranking.kz Gallup International сайлау ұйымдарының халықаралық қауымдастығы, BISAM Central Asia әлеуметтік және маркетингтік зерттеу орталығы 2023 жылы азаматтардың саяси бостандық деңгейін қалай бағалайтынына қатысты жауап беру үшін Gallup International сайлау ұйымдарының халықаралық қауымдастығы әлеуметтанушылары 59 елде сауалнама жүргізді. Мәліметтері төмендегідей[3]:



2-сурет – Азаматтардың саяси бостандық деңгейін бағалауы
Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Бұл тізімде де Қазақстан бар. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, ҚР-дағы респонденттердің 34%-ы ғана өз еліндегі саяси бостандық деңгейін жеткілікті деп бағаласа, 62%-ы қарсы пікірде екен.

Екі жағдайда да азаматтық қоғамның басты көрсеткіші саналатын сөз бостандығына қатысты сұрақтар бар екенін анық байқауға болады.

Сөз бостандығы, саяси бостандық болған жерде мәселелер ашық көтеріліп қоймай, тіпті журналисттік зерттеулер жүзеге асып, қоғам назарынан тыс қалған оқиғалар бойынша ақпарат жинақталып, құқықбұзушылық фактілерді анықтауға мүмкіндік туындар еді. Журналисттік зерттеу әртүрлі сұрақтарға, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелерге қатысты да жүргізілуі мүмкін. Бірақ бұл жағдайда да журналист мемлекет тарапынан қорғалуы керек. Мәселен, 1972 жылы «Уотергейт» қонақүйінде орналасқан АҚШ-тың демократиялық партиясының штаб пәтері тоналғаннан бастап журналисттік зерттеу жүргізген «Washington Post» газетінің екі журналисі Карл Бернстайн мен Боб Вудворд оқиғаны екі жыл бойы зерттеп, әлемдегі ең ықпалды адамдардың бірі, сол тұстағы АҚШ президенті Ричард Никсонның және оның аппаратының жемқорлық әрекеттерін, құқыққа қайшы істердің бетін ашты [4]. Бұл тарихтан бір ғана мысал.

Демократиялық институттар мен азаматтық қоғамның қалыптасуы және тұрақты дамуы мемлекеттің болашағы мен оның өсіп-өркендеуіне тікелей әсер етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастама жасауын дамыту жөнінде нақты міндеттер қойды. Азаматтардың қажеттіліктеріне ден қоюдың ашықтығы мен жеделдігін арттыру – азаматтық қоғамның мемлекетті басқаруға қатысуына жол ашады. Бұл уақыт талабы.

Азаматтық қоғамды дамыту ісінде Үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі қарай ҮЕҰ), қоғамдық бірлестіктердің алатын орны орасан. Қоғамдық бірлестіктер мен ҮЕҰ жергілікті жерлерде қоғамның барлық саласына қатысты ашылып, дамып, өз мүдделерін қорғау, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын қадағалау тәрізді функцияларды жүзеге асыра алады. Заң бойынша құқық берілген. Алайда қазіргі таңда қоғамдық бірлестіктер мен ҮЕҰ-дың жұмыстарын жүйелеуге қатысты бірқатар сұрақтар бар. Ол мәселелер осы магистрлік жоба барысында терең талқыланып, нақты ұсыныстар келтірілетін болады.

Азаматтық қоғамды, жалпы қоғамды дамытуда либералды және консервативті тәсілдер қолданылады. Консервативті тәсіл бойынша процесс жоғарыдан төменге бағытталса, либералды тәсілде төменнен жоғарыға әсер етеді. Яғни азаматтық қоғам мәселені көтеру ғана емес, оны өздері ұйымдаса отырып шешудің жолын қарастыруды және нақты шешімін табуды көздейді.

Міне, азаматтық қоғам жалпы қоғам тіршілігіне бей-жай қарамайды деген пайым осыдан шығады.

2020 жылға дейін халықтың бюджетке қатысуы – салық төлеу, міндетті зейнетақы, сақтандыру төлемдерін төлеу т.б және мемлекеттен әлеуметтік көмек алу бағытында ғана жүргізіліп келді. Бұл жоғарыдан төменге қағидасына сәйкес келеді. Ал 2020 жылдан бастап либералды тәсілге сәйкес келетін «Халық қатысатын бюджет» жобасы іске қосылды. Негізгі мақсаты – жергілікті бюджет қаражатының жинақталу сатысынан-ақ оны бөлуге халықты тарту болып табылады. Бұл тұрғындардың өздері тұратын ауданның бюджет қаражатын қайда жұмсау керектігін шешуге ықпал етеді. Бұл бюджеттік бағдарлама жергілікті өзін-өзі басқару жобасын дамыту аясында енгізілген жоба. Осы тұрғыдан алғанда жергілікті жердің мәселесін тұрғындардан артық ешкім білмейтіні анық. «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша жергілікті халық ауланы абаттандыруға, ойын немесе спорт алаңын салуға, қараусыз қалған бос жерлерді жабдықтауға, көшелерді жарықтандыруға, саябақты қалпына келтіруге, пандустар мен арықтарды салуға, қоқыс алаңдарын тазартуға, қоқыс жәшіктері мен жабдықтарды, қондырғыларды орнатуға жобалық ұсыныстар жасауға мүмкіндіктері бар. Жобаға тұрғындар қатысу үшін әкімдіктердің сайтына кіріп, өтініштерін қалдыра алады. Өтінішпен қатар сметаны, ағымдағы жағдайдың фотосы, қалауы бойынша жобаның таныстырылымын тіркей алады. Бірақ бұл халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды қажет ететіні анық.

Тағы бір маңызды мәселе Республика бойынша барлық өңірде жыл сайын әлеуметтік зерттеу жұмыстарына қаржы бөлінеді. Бұл өңірдің, тіпті жекелеген елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық саладағы негізгі мәселелерін анықтауға септігін тигізетін жақсы әдіс.

Зерттеулер халықтың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін, проблемалары мен пікірлерін түсінуге көмектесіп, қоғамдағы өзгерістерді бақылауға және ағымдағы шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Негізгі мақсаты азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталғанымен, әлеуметтік мәселелерді анықтау және шешу, тиімді алгоритм қалыптастыруда шешуші рөл атқара алмай отыр.

Өйткені бүгінгі таңда әлеуметтік зерттеуге жұмсалатын қаражат игерілгенімен, әлеуметтік-экономикалық құбыластарды, процестерді және мәселелерді түсінуге, айырмашылықтарды анықтауға, бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеуде тиімділігі төмен екендігін көрсетіп отыр.

Практикалық маңыздылығы. Қазақстанның азаматтық қоғамы алдында тұрған негізгі проблемалар азаматтардың саяси өмірге қатысу және пікір білдірудегі еркіндігін қалыптастырып, сөз бостандығы мен бейбіт жиналыс құқықтарын сақтау мәселелерін оңтайлы шешуді және ұлттың әл-ауқатын жақсарту үшін қоғамның барлық салаларына, соның ішінде мемлекеттік органдарға, жеке секторға және азаматтық қоғамға кешенді көзқарас пен белсенді қатысуды талап етеді.

Осы аталған нысандарды зерттеуге ала отырып, оларды жан-жақты дамытудың тәсілдерін ұсыну – қазіргі уақытта қордаланған мәселелердің

шешімін табуға, билік пен қоғамның арасында сындарлы диалог орнатуға, ашықтықты қамтамасыз етуге, бақылауды күшейтуге, жауапкершілікті арттыруға, еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Дамыған азаматтық қоғам ел өмірінің көптеген аспектілеріне айтарлықтай әсер етеді:

Демократия: азаматтардың саяси өмірге қатысуына ықпал ету арқылы демократиялық институттар мен процестерді нығайтады;

Адам құқықтары: адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және ілгерілетуге ықпал етеді;

Әлеуметтік әділеттілік: әлеуметтік теңсіздікпен күреседі және әлеуметтік интеграция мен ынтымақтастыққа ықпал етеді;

Хабардарлық: халықтың саяси білімін, бастамашылдығын арттырады;

Бақылау: сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендете отырып, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін қадағалауды жүзеге асырады.

Осылайша дамыған азаматтық қоғам салауатты, әділ және тұрақты әлеуметтік өмірді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Жалпы азаматтық қоғамның дамуы – азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына ықпал етеді. Бұл қоғамдық тыңдауларға, қоғамдық бастамаларға және азаматтық қатысудың басқа түрлеріне қатысу арқылы көрінуі мүмкін. Яғни азаматтық қоғам өкілдері мен ұйымдары ашықтықты қамтамасыз етуге және есеп беруге ықпал ететін бақылаушы ретінде әрекет ете алады. Сонымен қатар, ҮЕҰ мемлекеттік бағдарламаларды толықтыру немесе ауыстыру арқылы маңызды әлеуметтік қызметтерді ұсынады.

Азаматтық қоғамды дамытудың практикалық маңыздылығы – азаматтардың күнделікті өміріне және қоғамдық процестерге әсер етіп, заңнамада және саясатта өзгерістер енгізу арқылы осал және маргиналды топтардың мүдделерін қорғау үшін қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.

Қазіргі таңдағы азаматтық қоғамдағы өзекті сұрақтардың шешімін табу, оларды жүйелендіру және дамыту кезек күттірмейтін іс. Азаматтық қоғамның ойы сергек, бастамашылдығы жоғары болғанда қоғамның барлық саласында ілгерілеу болатыны анық. Азаматтық қоғамды дамыту азаматтардың мемлекет алдындағы бостандығын, әділдігін, тең құқығын және жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Азаматтық қоғамның дамуы демократияны нығайтуға, адам құқықтарын қорғауға, азаматтық белсенділікті дамытуға және азаматтық бастамаларды қолдауға ықпал етеді.

Азаматтық қоғамды дамыту кезінде келесі аспектілерге назар аудару қажет:

1. Азаматтық ұйымдар қызметінің ашықтығы;
2. Азаматтардың құқықтарын құрметтеу және қорғау;
3. Азаматтарды шешім қабылдауға және қоғамдық өмірге қатысуға тарту.
4. Жергілікті деңгейде азаматтық қоғамды дамыту;
5. Азаматтық ұйымдар мен бастамаларды қолдау;
6. Азаматтар үшін білім мен ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
7. Азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы азаматтық диалог пен ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу.

Азаматтық қоғамның дамуы қоғамдық прогреске, азаматтық сананы нығайтуға және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі кезде елімізде азаматтық қоғамды дамыту бойынша бірқатар мәселелер бар. Олар:

1. Пікір білдіру және ақпарат жинау еркіндігіне тосқауыл. Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарына цензура мен бақылаудың элементтері байқалады, бұл азаматтық қоғамның дамуын қиындатады. Сонымен қатар бұл қазіргі кезде қоғамда жиі көтеріліп жүрген тақырыптардың бірі болып саналады.

2. Мемлекеттік емес ұйымдарды қолдаудың жеткіліксіздігі. Мемлекет әртүрлі үкіметтік емес ұйымдарды жеткілікті қаржыландыруды және оларға жәрдемдесуді тиісті деңгейде қамтамасыз еткен жағдайда олардың қызметі мен дамуы жаңа сипатқа ие болып, азаматтық қоғамның белсенділігі арта түсер еді.

3. Азаматтардың хабардарлығы мен белсенділігінің төмендігі. Қазақстанда қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты адамдардың хабардарлығы мен белсенділігі, жалпы ақпараттандыру жетіспейді, бұл қоғамдық оң пікірдің қалыптасуын және азаматтардың ортақ мүддеге жұмылдырылуын қиындатады.

4. Азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерінің болмауы. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы ынтымақтастық пен сындарлы диалогтың өзіндік мәдениетінің қалыптаспауы қоғамдық мәселелерді шешуді күрделендіреді.

5. Азаматтық ұйымдардың құқықтарын қорғау үшін заңнамалық

базаны жетілдіру. Кепілдік беретін заңдарды әзірлеу және жақсарту қажет.

Президент Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке халықтың табысы мен өмір сүру сапасын арттыру міндетін қойды. Осыған орай Ұлттық экономика министрлігі әртүрлі елді мекендер үшін Өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеген болатын. Базалық қызметтер мен әлеуметтік игіліктерге халықтың қол жеткізуіндегі өңірлік диспропорцияларды төмендетуге арналған стандарттар жүйесінің талаптарын жергілікті инфрақұрылымды дамытуды жоспарлау кезінде сақтауы маңызды. 2022 жылғы деректерге сәйкес Өңірлік стандарттар жүйесін мониторингтеудің нәтижелері бойынша елімізде Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі жоғары және орташа 3,6 мың ауыл бар. 2022 жылғы Өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштерін мониторингтеу сол стандарттар жүйесіне сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдар саны ұлғайып, 786 ауылдық елді мекенді құрағанын көрсетіп отыр. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 525 ауылдық елді мекенге артық [5]. Алайда бұл бағытта да азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру маңызды. Осыған байланысты, өздері тұратын елді мекеннің дамуына үлес қосатын жергілікті ұйымдар мен кәсіпорындардың белсенділігін арттыру өзекті болып саналады. Аталған стандарттың әр өңірдің ерекшелігіне қарай қайта қаралуы, жетілдірілуі және азаматтық қоғаммен ынтымақтастықта жүзеге асырылуы халықтың әл-ауқатының артып, тұрмыс сапасының артуына септігін тигізері анық.

Сөз бостандығы. Сөз бостандығының сақталуы, тек көпшіліктің қалауы емес, азшылықтың да мүддесін ескеру қажеттігі – алаш арыстарының демократия туралы ешқашан маңызын жоймайтын, өзекті ойлары. Алаш зиялылары демократиялық қоғам орнатуда ағартушылыққа, сөз бостандығына баса назар аударды. Бұны қазіргі заманның өркениетіне байланысты ақпараттандыру жұмысы ретінде түсінуіміз керек. «Алаш» партиясының бағдарламасында: «Хәкімнен қысымшылық көрмей, рұқсат сұрамай, газет, кітап, жарнамалар басып таратуға әрбір адам ерікті болу. Баспасөз бостандығы болғанда цензура (сөз аңду) болмау»-делінеді [6]. Сөз бостандығын көбіне ойға келгенді айту деп түсінетіндер жеткілікті. Негізінде сөз бостандығы дегеніміз – фактты айту, әділдіктің жаршысы, әлсізді қорғау, құқықтылықты алға тартуға негізделеді. Алайда әр елде, әр қоғамда оны қабылдау деңгейі әртүрлі. Демократиялық қоғамда орынды сын – кемшілікті түзетуге берілген мүмкіндік деп қарастырылады. Ал демократиялық емес қоғамда өзіне қарсы күштердің әрекеті деп қабылданады.

Ақпараттандыру. Қазіргі таңда еліміздің барлық өңірлерінде мемлекеттік ақпараттық саясат облыстық әкімдіктердегі ішкі саясат басқармалары арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу конкурсына тапсырыс беруші, конкурстың өтуіне жауапты ұйымдастырушы облыстық ішкі саясат басқармалары болып табылады. Ал аудандық әкімдіктер қаражат бөліп отырғандықтан мемлекеттік сатып алу конкурсын жеңіп алып отырған телеарна, газет-журналдар мен сайттар нақты проблемаларды көтеріп отыр деп айту қиын. Олар керісінше мәселе және оның шешу жолдарын көтерудің орнына позитивті,

имидждік тақырыптарды ғана көтереді. Яғни әкімдіктердің баспасөз қызметінің функциясын атқарып кетеді. Ресми, құқықтық түрде сөз бостандығы шектелмегенімен, материалдық тұрғыда бағынышты болғандықтан, сөз бостандығы болмайды. Сондықтан коммерциялық БАҚ-ты дамытуға, журналистік зерттеулерді қаржылық ынталандыруға, гранттар бөлуге басымдық беру қажет.

Қоғамдық бақылау және азаматтардың мемлекет басқару істеріне қатысуы. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінен тәжірибеден өту барысында азаматтық қоғамды дамытуға арналған заң жобаларымен танысуға мүмкіндік алдым. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 117-тармағын іске асыру мақсатында **«Қоғамдық бақылау туралы»** Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына жолданған. Тиісті талқылаулардан өткен.

Заң жобасының негізгі мақсаты – азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету болғандықтан, жекелеген өзге заңнамалық актілердің нормаларын Қазақстан Республикасының қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін реттейтін негізгі заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру мәселесі туындайды. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген Заңдар мыналар:

1. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексі [7];
2. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі [8];
3. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі [9];
4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы [10];
5. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы [11];
6. «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы [12];
7. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы [13].

Тиісті заң жобасын қабылдау, қолданыстағы заңдарға толықтырулар енгізу – азаматтық қоғамды дамыту, жаңа қоғамдық бірлестіктер құру, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасы ратификациялаған адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар шеңберінде азаматтардың бірігу бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Бұл Заңдарға нақты өзгерістер мен толықтырулар төмендегі жағдайлар бойынша қажет:

- **Су Кодекcінде** қазіргі уақытта су қорын пайдалану мен қорғау саласында қоғамдық бақылау туралы баптар жоқ;

- Қазақстан Республикасының **Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекcінде** «Петиция» ұғымы, петицияға қатысты баптар мүлдем жоқ;

- Қазақстан Республикасының **Экология кодекcінде** қоғамдық экологиялық бақылау туралы баптар жоқ;

- «Қазақстан Республикасындағы **жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы**» Заңда мәслихат депутаттарының жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді онлайн-петиция порталына шығару, онлайн петицияны ілгерілету кезеңінде қол жинауына өкілеттіктер беру, мәслихат депутаттары өзінің немесе сайлаушыларының атынан петиция жазу, өзі мәслихат депутаты болып табылатын әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың петицияларды қарауына мониторинг жүргізуге, мәслихат сессиясының қарауына петицияларды шығаруға құзыреттіліктер берілмеген.

- «**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы**» Заңында «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады» делінген. Заңның бұл 57 бабына «Қоғамдық бақылау туралы» Заңға сәйкес өзгерістер енгізу қажет.

- «**Кәсіптік одақтар туралы**» Заңында «Кәсіподақтар өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады» делінген. Бұл Заңды да «Қоғамдық бақылау туралы» Заңмен сәйкестендіру қажет.

- «**Ақпаратқа қол жеткізу туралы**» Заңда ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган ақпарат иеленушілердің ашықтық стандартын әзірлеу және бекіту, ақпарат иеленушілердің отырыстарына қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту қарастырылмаған. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қол жеткізуді және Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының ашық отырыстарын, оның ішінде бірлескен отырыстарын, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету, ақпарат иеленушілердің ашықтық стандарттары қарастырылмаған.

Қоғамдық бірлестіктер мен Үкіметтік емес ұйымдардың рөлі. Қоғамда әр түрлі салаларда азаматтардың мүдделерін қорғау, мұқтаж адамдарға көмек көрсету, әлеуметтік әділеттілік үшін күресу, қақтығыстарды шешуге қатысуда қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар маңызды рөл атқарады. Қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар ерікті түрде жұмыс істейді және көбінесе қайырымдылық пен гранттар есебінен қаржыландырылады. Олар азаматтық қоғамның маңызды элементі болып табылады және әртүрлі мәселелерді шешу үшін қосымша ресурстар мен тәжірибе беру арқылы үкіметтің қызметін толықтырады. Осылайша, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес

ұйымдар қоғамда демократияны нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектеседі және қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда елімізде 22 240 үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің саны 17 мыңға жуық. Белсенділері 10-12 мың шамасында. 2022 жылы белсенді емес ұйымдардың 300-ден астамы жабылды, әлі де жалғасу сатысында [14]. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің жабылу себебі (соттың шешімімен жабылғандарды қоспағанда) құрылтайшылары бір елді мекеннен екінші елді мекенге қоныс аударуы, жұмыс ауыстыруы т.с.с. Мұндай жағдайда бас қосу, қоғамдық бірлестіктің мақсатын жоспарға сәйкес тиімді жүзеге асыру мүмкіндігі төмендейді. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңға сәйкес, еліміздің аумағында, жалпы жергілікті жерде қоғамдық бірлестіктерді құру үшін кемінде 10 құрылтайшы болуы керек. Ал Конституциямыздың 23-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығының құқығы бар [15]. Соған байланысты бірлесу бостандығы құқығын шектеуді жойып, оңтайландыру уақыт талабы.

Қазіргі уақытта қауымдастық, ұйым сияқты бірлестіктердің мәні тармағына қолданылады. Алайда жергілікті жердегі мәселелерді өздері шешіп, мүдделерін қорғау, бірлесе отырып күшеюі де шын мәнінде азаматтық қоғамның бір бөлігіне жатады. Бұл төменнен жоғары қарай даму қағидасын ұстана отырып, жергілікті мәселені жергілікті деңгейде шешуді жөн көреді [16]. Осы орайда Ақтөбе облысының Қобда ауданын мысал ретінде қарастырсақ, ауданда әртүрлі әлеуметтік мәселелермен айналысатын бірқатар үкіметтік емес ұйымдар бар. Мысалы Қобда ауданында қазіргі уақытта:

- тұтынушылардың құқығын қорғайтын, деструктивті діни идеологияның таралуының алдын алуға жұмысы бағытталған «Үркер» ҰЕҰ;

- футбол ойынын дамытуға арналған «Қобда ауданының футбол федерациясы» ҰЕҰ;

- ерекше жағдайды қажет ететін мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға арналған «Ерасыл-Н» орталығы;

- жастар саясатын жүзеге асыруға арналған «Қобда жастары» ҰЕҰ;

- гендерлік жобаларды жүзеге асыратын «Центр активных женщин» ҰЕҰ;

- әлеуметтік бастамаларды қолдауға және қайырымдылық көмектер көрсетуге арналған «Шапағат» қоғамдық қоры жұмыс жасайды. Бұл мысал Ақтөбе облысының 16 мың тұрғыны бар Қобда ауданында ҰЕҰ институттарының жақсы дамығанын көрсетеді.

Кесте 5 – Әлем елдеріндегі сөз бостандығының жай-күйі

Қоғамдық ұйым атауы	Мақсаты	Басшылары
«Үркер» ҰЕҰ	Азаматтық бастамалар мен пікір білдіру, тұтынушылардың құқығын қорғау, деструктивті діни идеологияның таралуының алдын алу	Жанғалиева Гауһар Оразалықызы
«Қобда ауданының футбол федерациясы» ҰЕҰ	Футбол ойынын дамытуға арналған	Қанатбаев Әділбек Сапарұлы

Кесте-5 жалғасы

«Қобда жастары» ҮЕҰ	Жастар саясатын жүзеге асыру	Келден Аманжол
«Центр активных женщин» ҮЕҰ	Гендерлік жобаларды жүзеге асыру	Залелова Рахия Истайқызы
«Шапағат» қоғамдық қоры	Әлеуметтік бастамаларды қолдау, қайырымдылық көмектер көрсету	Ашенова Светлана Зинекенқызы
Қобда ауданының кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер бірлестігі қоғамдық бірлестігі	Қоғамның әлжуаз топтарына әлеуметтік көмектер көрсету	Костырев Ерболат Қоспайұлы
«Ерасыл - Н» мүгедектерді қолдау орталығы	Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсету, оңалту	Ещанов Жакен Каржауұлы

Ескертпе – Екінші дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Қоғамның әр саласында бірлестіктер, қауымдастықтар өз бағыттарымен нәтижелі жұмыс жасағанда ғана азаматтық қоғамның орнығуы мен оның дамуына септігін тигізеді.

Халықаралық тәжірибеде, яғни Белгия, Швеция, Ирландия, Чехия, Хорватия, Болгария, Литва елдерінде қоғамдық бірлестіктер мен ҮЕҰ-ды 3 адамнан бастап құруға құқық беретін нормалар бар [17]. Жалпы, бұл норманы қабылдау – қолданыстағы заңнаманы Қазақстан Республикасы Конституциясы мен халықаралық құқықтық актілердің талаптарына сәйкестендіруге, сонымен қатар үкіметтік емес секторды дамыту тұрғысынан Қазақстанның халықаралық имиджін көтеруге ықпал етері анық.

Келесі мысал, бір өңірдің мемлекеттік сатып алу конкурсына өзге өңірден қатысқан ҮЕҰ немесе қоғамдық бірлестік, жариялаған лотты жеңіп алып, өздері арнайы келіп жұмыс жүргізбей-ақ, жергілікті жердегі ҮЕҰ-мен немесе қоғамдық бірлестікпен келісімге келеді. Мемлекеттік сатып алу конкурсына қатыспаған бірлестік қаражат табу үшін жеңімпаз бірлестік ұсынған аздаған қаржыға келіседі. Осылайша сапа төмендеп, мемлекет қаржысы тиімсіз қолданылып, жеңімпаз бірлестік міндеттемені атқармай-ақ, қаражат табады. Ал «қара жұмысты» жергілікті бірлестік атқарады. Бастапқыда мәселені шешуге бөлінген қаржы дәл осындай жағдайларда мәселені шешпесе де, игерілуі жағынан сұрақ туындамайды.

Сондықтан Қаржы министрлігімен, Ұлттық экономика министрлігі қолданыстағы заңға жергілікті жердің әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік сатып алу конкурсына жергілікті жерде кемінде 1 жыл бұрын тіркелген қоғамдық бірлестіктер мен ҮЕҰ-дан бөлек басқа өңірдің бірлестіктері қатыса алмайтын өзгеріс нормаларын енгізуді қолға алуы тиіс деп есептеймін.

Азаматтардың жергілікті бюджет бөлуге қатысуы. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы республикалық, облыстық маңызы бар қалаларда, астанада 4 жылдан бері іске асырылып келеді. Бірақ күні бүгінге дейін тұрғындар бұл жобалардың бар екенін біле бермейді. Бұл бағдарламаның тиімділігі халық санымен тікелей байланысты. Мәселен Қызылорда облысының

Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентінде 80 мың халық болса, Ақтөбе облысының Қобда ауданының орталығы Қобдада халық саны 7 мың адамды құрайды. Сәйкесінше Қазақстанның осы екі облысындағы екі аудан орталығының дамуы да екі түрлі деген сөз. Демек біреуі қарқынды, екіншісі бәсең дамиды. Өйткені түсетін салық көлемі де екі түрлі. Бағдарламаға енгізілген жобаларға дауыс беру кезінде ЭЦҚ-мен дауыс беріледі. Бұл жағдайда да барлық тұрғындар дауыс бере алмайды, белгілі шектеулер бар деген сөз. Яғни біреулерге бұлай дауыс беру жас ерекшелігіне байланысты (егде жастағы кісілерге, зейнеткерлерге) қолжетімді болмаса, екінші бірінің цифрлық сауаттылығы төмен болуы мүмкін. Сондықтан осы айтылғандарды бір жүйеге келтіру үшін төмендегі ұсыныстарды ұсынамын:

1. Әкімдіктердің сайттарының танымалдылығын арттыру;
2. «Халық қатысатын бюджет» жобасының танымалдылығыны арттыру, кеңірек ақпараттандыру;
3. Салық түсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында халық саны аз елді мекендерді біріктіру, әкімшілік бірліктердің санын азайту;
4. Ұсынылған жобаларға жергілікті тұрғындар дауыс бере алатындай, әкімдік сайтымен «Е-халық» ақпараттық жүйесін интеграциялау;
5. Бағдарламаның бағыттарының ауқымдылығын кеңейту қажет.

Азаматтық қоғам "Ауыл – ел Бесігі" бағдарламасы шеңберінде өңірлік стандарттар жүйесін іске асыруда да шешуші рөл атқарады. Азаматтық қоғам аймақтық стандарттардың іс жүзінде қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылап, олардың тиімділігін бағалап, жоспарлау процесіне белсенді қатысуы стандарттардың жергілікті халықтың нақты қажеттіліктері мен басымдықтарына сәйкес келетініне көз жеткізуге ықпал етеді. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдар жергілікті атқарушы органмен стандарттардың ауылдық жерлердегі өмірге қалай әсер ететіні туралы кері байланыс жасап, жергілікті тұрғындардың мүдделерін қорғай алады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2024 жылғы ақпан айындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында тиімді бюджеттік, салықтық саясатты қалыптастырудың, сапалы жоспарлау саясатын жүргізудің өзектілігіне тоқталған болатын. Сондықтан салық түсімдерін арттыруға қатысты батыл қадамдар жасап, халықтың бюджетке қатысу мәселелерін әлі де жетілдіре түсу қажет.

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы әлеуметтік зерттеу жұмыстарының тиімділігі. Жыл сайын еліміздің барлық өңірінде әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Ақтөбе облысының Қобда ауданын мысал ретінде қарастырсақ, әлеуметтік зерттеу жұмысының мазмұны ауқымды. Әлеуметтік зерттеудің сауалнамасында қамтылатын сұрақтар жергілікті атқарушы орган және әлеуметтік зерттеу институтымен бірлесіп жасалады. Бұл өте маңызды аспект. Бұл жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын жүйелендіруге арналған ұтымды әдіс.

Төмендегі кестеде Ақтөбе облысы Қобда ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жариялаған әлеуметтік зерттеудің қорытынды

ақпараты назарға ұсынылып отыр.

Кесте 6 – Қобда ауданы әкімдігі жүргізген сауалнама

Аймағыңыздағы қандай өзекті мәселелер Сізді көбірек алаңдатады?

№	Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
1	Жұмысқа орналасудағы қиындықтар	12	12,0%
2	Төмен еңбекақы	37	37,0%
3	Медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі	32	32,0%
4	Медициналық қызметтер сапасының төмендігі	25	25,0%
5	Білім беру қызметтері сапасының төмендігі	17	17,0%
6	Жолдардың нашарлығы	28	28,0%
7	Интернет мәселелері	17	17,0%
8	Мәдени демалыстың болмауы	15	15,0%
9	Азық-түлік және бірінші кезекте қажет тауарлар бағасының тұрақты өсуі	15	15,0%
10	Өзекті мәселелер жоқ	4	4,0%
11	Барлығы	202	202%

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.


Кесте 7 – Қобда ауданы әкімдігі жүргізген сауалнама

Сіздің аймағыңыздағы саяси жағдайды қалай бағалар едіңіз?

№	Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
1	Қанағаттанарлық	18	18,0
2	Қанағаттанарлықсыз дегеннен гөрі қанағаттанарлық	42	42,0
3	Әрине, қанағаттанарлықсыз	38	38,0
4	Жауап беру қиын	2	2,0
5	Барлығы	100	100,0

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Сіз өз аймағыңызда қандай қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа жиі ұшырасасыз?



3-сурет – Тәуекелдер болжамы

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Кесте 8 – Қобда ауданы әкімдігі жүргізген сауалнама

Сіздің ойыңызша, аймағыңыздағы әлеуметтік шиеленіске қандай проблемалар ықпал етеді?

№	Жауаптар нұсқасы	Саны	Пайыз
1	Азық-түлік, көлік және коммуналдық қызметтер бағасының үнемі өсуі	10	10,0%
2	Халыққа әлеуметтік көмектің жеткіліксіздігі (төмен әлеуметтік жәрдеақылар)	29	29,0%
3	Халықтың табысы төмен	28	28,0%
4	Білім беру сапасының төмендігі	27	27,0%
5	Медициналық қызметтердің төмен сапасы	27	27,0%
6	Жолдардың сапасы нашар	25	25,0%
7	Жергілікті билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық	20	20,0%
8	Діни экстремизм, терроризм қаупі	9	9,0%
9	Барлығы	9	204,0%

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Кесте 9 – Қобда ауданы әкімдігі жүргізген сауалнама

Қазіргі уақытта сіздің аймағыңыздағы әлеуметтік шиеленісті қалай бағалайсыз?

№	Жауап нұсқалары	Саны	Процент
1	Әрине, жоғары деп ойлаймын, адамдар өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына өте риза емес және бұл туралы билікке айтуға дайын.	19	19,0
2	Орташа деп бағалаймын, жағдай өткен жылмен салыстырғанда жақсы да, жаман да емес. Егер наразылық әлеуеті болса, онда ол тек төтенше жағдайда ғана көрінеді.	45	45,0
3	Мен төмен деп бағалаймын, жергілікті билік бірден әрекет етеді және адамдардың митингтерге шығуына жеткізбеуге тырысады.	36	36,0
4	Барлығы	100	100,0

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Бұдан байқайтынымыз, халық, яғни азаматтық қоғам ойын ашық айтуға дайын. Бірақ халықтың айтылған пікірі тек қорытынды есепте қалып кетпеуі керек. Әдетте тәжірибеде әлеуметтік зерттеу жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлінсе де әлеуметтік зерттеу жұмыстарының қорытындысы жергілікті атқарушы органның басшысына ілеспе хатпен ғана жолданып, нақты қорытынды бойынша әлеуметтік-экономикалық саладағы кемшіліктерді жою бойынша алгоритмнің жасалмауынан қоғамда түрлі наразылық акциялары туындайды. Ал Қобда ауданының мысалында әлеуметтік зерттеу жұмыстарының қорытындысы аппараттық жиында көтеріліп, өзекті сұрақтар бойынша аудан әкімі хаттамалық тапсырма арқылы жауапты тараптарға нақты міндеттер мен тапсырмалар жүктейді. Сонымен қатар «Әлеуметтік шиеленіс» картасы дайындалады.

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы «Әлеуметтік шиеленіс картасының» тиімділігі. Жыл сайын Ақтөбе облысының Қобда ауданында аудандағы қоғамдық-саяси ахуалды зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың пікірі, бағасы, ұсыныстары және қоғамдағы көңіл-күй анықталған Әлеуметтік зерттеу институтының аналитикалық қорытынды ақпаратына сәйкес, аудандық ішкі саясат бөлімінің тарапынан «Әлеуметтік шиеленіс картасы» жасақталады. Бұл дағдарыс картасының негізінде жергілікті атқарушы органның жұмысын жүйелендіру мақсатында өзекті, өткір сұрақтар Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына енгізіліп, Кеңес отырыстарында қаралады. Қоғамдық кеңестің отырыстарына жауапты тараптар шақыртылып, Кеңес мүшелері кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстарын хаттамамен рәсімдеп, аудан әкіміне жолдайды. Ұсыныстар ескеріліп, жұмыс сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жүзеге асады. Нәтижесінде әлеуметтік зерттеуге бөлінген қаржы өз-өзін ақтап,

әлеуметтік шиеленістің ошақтары бейбіт әдіспен анықталып, анықталып қана қоймай шешу жолдары талқыланып, ұсынылып, наразылықтар азаяды[18]. Бұл Ақтөбе облысының Қобда ауданында жүзеге асқан азаматтық қоғамның дамуының бір мысалы, жарқын үлгісі. Сәйкесінше, Қобда ауданында азаматтық қоғам өкілдерінің арасынан Қоғамдық кеңестің құрамына мүшелікке өтініш білдірушілер саны артып, Қоғамдың кеңестің аудан тұрғындары алдындағы рөлі артты. Өзекті мәселелер қордаланып қалмай, кеңес отырысында қаралғаны аудан тұрғындарының жергілікті атқарушы органға деген сенімдерін арттырды. Қоғамдық кеңес формалдылықтан арылып, жергілікті атқарушы орган мен тұрғындардың арасындағы ашық диалог алаңына, жалғастырушы буынға айналды.

2021 жылы «Қаңтар оқиғасында» республиканың басым бөлігінде митингтер өткен шақта Қобда ауданында қоғамдық-саяси ахуал қалыпты жағдайда сақталып, тәртіп бұзушылықтар орын алған жоқ. Бірде-бір аудан тұрғыны ереуілге шыққан жоқ. Бұдан байқайтынымыз, жергілікті атқарушы органның тұрғындармен ашық диалог орнатуы, әлеуметтік шиеленіс туындатуы мүмкін маңызды сұрақтардың Қоғамдық кеңестің ай сайынғы отырыстарында қаралуы тиімді әсерін берді. «Қаңтар оқиғасында» толқу көгілдір отынның қымбаттауынан бастау алғанымен, өңірлерде қордаланып қалған өзге де сұрақтардың уақтылы шешілмеуі жағдайды ушықтырғаны белгілі. Қобда ауданында ірілі-ұсақты сұрақтардың уақтылы қаралуына, шешімін табуына байланысты қасіретті қаңтар кезінде ауданда тұрақтылық сақталды.

Кесте 10 – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған әлеуметтік шиеленіс картасынан үзінді

№	Әлеуметтік шиеленіс ошағы/ мәселе мазмұны	Наразы топтың ұсынысы	Наразылық білдіру әдісі	Жергілікті атқарушы орган қабылдаған шаралар	Қауіп деңгейі
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды полигонға тасымалдау қызметінің жүйеге келтірілмеуі	Тарифтерді қайта қарау, жеке тұрғын үйлердің алдынан алып кететіндей жағдай жасау. Экологиялық талаптарға сәйкес келтіріп, экологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау	Сауалнама	Тараптарды қатыстырып Қоғамдық Кеңес отырысында қарау	төмен

Кесте-10 жалғасы

2	Жол көлік оқиғаларының көбейіп, адам өлінің орын алуына байланысты «Самара-Шымкент» республикалық автомобиль жолын елді мекеннің сыртымен жүргізу	Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол көлік оқиғаларының алдын алу	Сауалнама	Облыс әкімдігі мен министрлікке хат жолдау	жоғары
3	Сөгәлі-Ақтөбе-Сөгәлі бағытында жолаушылар тасымалының жұмысын ұйымдастыру	Маршрут жұмысының үздіксіз қатынасын орнату	Сауалнама	Тасымал жұмысын субсидиялау жолдарын қарастыру	орташа
4	Шұғыла балабақшасының ызғар тартуы, балалардың денсаулығына қауіп	Балабақшаның жылыту жүйесінде ақаулықтарды анықтап, жөндеуден өткізу	Сауалнама	Балабақшаны білім бөліміне қарасты өзге ғимаратқа көшіру	орташа
5	Қараусыз жүрген малдарды қамайтын айыппұл тұрақтарының жұмысын регламенттеу, мал азығы мәселесін шешу	Қамағаннан кейін кім шөбі мен суын береді, кімнің есебінен жүргізіледі	Сауалнама	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін ауыл әкімдерін қатыстырып Қоғамдық Кеңес отырысында талқылау	төмен

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Ақтөбе облысының Қобда ауданының мысалындағы кризистік жағдайдағы митингтердің алдын алу. Қолданыстағы заңға сәйкес республика бойынша бейбіт жиналыстар, митингтер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу ережелері жетілдіріліп, өткізу орындары, шекті толу нормалары, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі қарастырылған. Бұл мәслихат шешімдерімен белгіленіп, Әділет департаменттерінен тіркеуден өткен. Бұл сөзсіз азаматтық қоғамның үнін естуге, халықпен сындарлы диалог орнатуға арналған демократиялық қадам. Алайда азаматтық қоғамды дамытуға арналған бұл демократиялық қадам тек дағдарыстық жағдайға ғана арналған.

Кризистік жағдайдағы митингтердің алдын алуымыз үшін Қобда ауданының мысалындағыдай, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша «Әлеуметтік шиеленіс картасын» жасап, өзекті мәселелердің Қоғамдық кеңестердің отырыстарында талқылануын тәжірибеге енгізу керек. Сол кезде Қоғамдық кеңес мүшелері азаматтық қоғамның дамуына үлесін қосып, Қоғамдық кеңес мүшелері де қоғаммен үнемі тығыз байланыста болатыны анық. Осыған орай қолданыстағы Қоғамдық кеңес туралы және Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Заңдарға сәйкесінше өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек деп санаймын.

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы меценаттық көмектің тиімділігі. Қобда ауданы әкімдігі жыл сайын әлеуметтік маңызды жобаларды меценаттық көмек арқылы жүзеге асыруды 10 жыл бұрын тәжірибеге енгізді. Жыл сайын әрбір ауылдық округ әкімі аудан әкімдігіне әлеуметтік маңызы жоғары жобалардың тізімін ұсынады. Ұсынылған тізімге сәйкес бюджет қаражатынан тыс, демеушілік негізде жүзеге асырылатын жобалардың реестрі жасалады. Бұл меценаттардың көмегімен жергілікті маңызы жоғары жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Азаматтық бастамалар картасында өзекті мәселе, шешу жолы, қаржыландыру көзі секілді ақпараттар қамтылып, ауылдық округтар бөлінісіндегі міндеттер жасалады.

Кесте 11 – Қобда ауданы әкімдігінің азаматтық бастамалар картасының жобасы

	Реестр	Өзекті мәселе	Негіздемесі (өзектілігі)	Мәселені шешу жолдары	Жоба құны	Қаржыландыру көзі		Өткізілу мерзімі
						Бюджет теңге	Бюджеттен тыс теңге	
Ақрап ауылдық округі 3 жоба								
1.	04-06-01/1							
Бұлақ ауылдық округі 1 жоба								
2.	04-06-01/2							
Бегалы ауылдық округі 3 жоба								
3.	04-06-01/3							
Бестау ауылдық округі 3 жоба								
4.	04-06-01/4							
И.Білтабанов атындағы ауылдық округі 2 жоба								
5.	04-06-01/5							

Кесте-11 жалғасы

И.Құрманов атындағы ауылдық округі 5 жоба								
6.	04-06-01/6							
Қобда ауылдық округі 3 жоба 5 млн 900 мың								
7.	04-06-01/7							

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Арнайы реестрдің жасалуы транспаренттілік пен жариялылық үшін маңызды. Қобда ауданында осы жұмыстардың аясында меценаттардың қолдауымен аудан орталығында 150 балаға арналған балабақша салынып, мемлекеттің теңгеріміне тапсырылды. Бөгеттер жөнделіп, ұялы байланыс мұнаралары орнатылды. Жиренқопа ауылындағы Қобыланды батыр кесенесінің жанынан Сапар орталығы салынып, Ақырап, Өтек, Талдысай, Жарық, Жиренқопа ауылдарында заманауи спорт алаңдары, балалардың ойын алаңдары т.б. ірілі-ұсақты нысандар қолданысқа берілді.

Кесте 12 – Қобда ауданында меценаттардың қолдауымен жүзеге асырылған жобалар

№	Жүзеге асырылған жобалар	Құны (тг)
1	Қобда ауылында 200 орындық балабақша салынды	150 000 000
2	Жиренқопа ауылында Қобыланды батыр кесенесі жанында қонақүй	35 000 000
3	Қобдада көшелерде видеокамералар орналастырылды	20 000 000
4	Өтек ауылында көпір салынды	15 000 000
5	Бұлақ ауылында Әлия Молдағұлованың музей үйі салынды	10 000 000
6	Бестау ауылында 2 бөгет жөнделді	12 000 000
7	Қобдада спорттық-сауықтыру кешеніне тренажерлар алынды	6 000 000
8	Ардагерлер үйіне бильярд столдары алынды	6 000 000
9	Қобдада воркаут, стритбол, балалар ойын алаңы	5 000 000
10	Жарсай, Сарбұлақ, Терісакқан ауылдарында хоккей қораптары салынды	2 500 000

Ескертпе – Қобда ауданы әкімдігі ұсынған ақпарат негізінде автормен құрастырылған.

Қолдау көрсеткен меценаттар жыл қорытындысы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Жомарт жүрек» сыйлығымен марапатталып, азаматтық бастамаларды жүзеге асыруға арналған «Түлек, туған жерінді түлет!» форумы жыл сайын өткізіліп тұрады.

Зерттеу әдісі. Магистрлік жобамда зерттеу әдісі ретінде эксперттік

сұхбатты қарастырдым. Сарапшыларға сұхбаттың зерттеудің өзектілігі, сұхбаттың мақсаты мен нысаны, тақырыбы мен міндеттері түсіндірілді. Тақырыпты егжей-тегжейлі талқылауға ынталандыратын сұрақтар тізімі алдын ала бекітіліп, сұхбатты ұйымдастыру мақсатында сұхбат гайды дайындалды. Респонденттерге жеке көзқарасын білдіруге және өз ұстанымын дәлелдеуге мүмкіндік беретін бірдей сұрақтар қойылды. Эксперттік сұхбаттың орташа ұзақтығы 20 минуттан 30 минутқа дейінгі уақытты қамтыды. Эксперттерге қойылған сұрақтар төмендегідей:

1. Азаматтық қатысудың тәсілінің бірі – саяси партияларға мүше болу. Өкінішке орай біздің қоғамда партияға мүшелік ету негативті қабылданады. Осы көзқарасты өзгерту үшін не істеу керек?

2. Бейбіт митингтер, пикеттер мен демонстрациялар азаматтық қоғамның дамуына қаншалықты әсер етеді?

3. БАҚ-тың мемлекет тарапынан қаржыландырылуы сөз бостандығына, азаматтық қоғамның, соның ішінде «төртінші билік» болып саналатын журналистиканың дамуына кері әсерін тигізбейді ме?

4. Парламентте әр сала бойынша комитеттер бар. Сәйкесінше салалық Заңдар жобасына сол саланың мамандары болып табылатын депутаттар өз ұсыныстарын білдіріп, өзгерістер енгізуге ықпал етеді. Ал енді жергілікті жерлерде Қоғамдық Кеңестің мүшелерінің әр салада атқарылып жатырған жұмыстарға баға беріп, өз ұсыныстарын білдіруге біліктілігі жетпеуі мүмкін. Қоғамдық Кеңес мүшелерінің әр салаға қатысты біліктілігін арттыру үшін не істеу керек?

5. Қазіргі таңда ҮЕҰ (Үкіметтік емес ұйымдар) мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы «күнелтіп» отыр. Ал азаматтық қоғам дамыған мемлекетте ҮЕҰ-дың идеалды жұмысы қалай болуы керек?

6. Азаматтық қоғам мемлекеттік істерге немесе мемлекет басқару ісіне белсенділік таныту, пікір білдіру, еріктілік таныту, қоғамдық бақылау орнату, жергілікті өзекті мәселелерді бірлесіп шешу арқылы үлес қосады. Осы орайда меценаттық көмек көрсету – азаматтық қоғамның ең белсенді формасы дегенмен келісесіз бе?

Сарапшылар пікірі. Респондент № 1 Асқар Актілеу - «Тілші» аймақтық журналистер орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі, «Тілші» медиа жобаларының авторы:

- Бірінші сұрақ бойынша саяси партияларға мүше болуды, партияның не үшін керек екенін – біздің елімізде жалпы қоғам саяси сауат жеткіліксіз болғандықтан дұрыс түсінбейтіні рас. Партияның жұмысына күмәнмен қарайтыны және оның жұмысына араласқысы келмейтіні партияның маңызы мен рөлін түсінбегендіктен. Ал партияның жұмысына араласатындардың үлесі, саяси сауатты адамдардың үлесі аз. Батыста демократиясы әлдеқайда дамып кеткен елдерде саяси сауат басқаша. Бізде саяси өмірге азаматтар араласқысы келеді. Оған ашығын айтуымыз керек сауат жетпей, көп жағдайда дәйексіз байбаламға ұласып кетеді. Соңғы сайлауларда депутаттыққа үміткер ретінде көп адам қатысты. Елдің бәрі депутат болғысы келді ме дегендей қоғам күлкімен қарады. Бірақ ол нәтижесін берді. Бұл негізі дұрыс бастама. Азаматтық қоғам

мемлекеттік істерге қатысуы тиіс. Халық енді түсіне бастады. Сайлаудың, париялардың не үшін екенін, байқаушылардың не үшін керек екенін енді ұғына бастады. Сондықтан әлі де ағартушылық жұмыстарды жүргізу қажет деп санаймын. Екінші сұрағыңыз бойынша бейбіт митингтер егер арандату болмаса, халық саяси сауатты түрде пікірі мен ұсынысын білдіруге шықса билік пен қоғам арасындағы уағдаластықтың жақсы инструменті ретінде пайдалануға болады. Біздің қоғамда өкінішке орай ермелік басым. Сыртқы күштердің ықпалына еріп кетеді. Халықты саяси сауаттандырудың орнына, құзырлы органдар тарапынан айыппұлдар салынып, әбігерге салып, қудалауларға ұшырап жатады. Бейбіт митингтерде саяси сауатты адамдар жұмылдырылса бұның бірі де болмайды.

Екіншіден, билік бейбіт митинг өткізуге әлі де дайын емес сияқты. Арнайы өткізетін орындар бар. Заң жүзінде дайын. Бірақ іс жүзінде наразы топпен билік диалогқа дайын емес. Бұл негізі халықтың үнін билікке жеткізудің жақсы құралы болғанымен бұған халық та, билік те дайын болуы керек. Сондықтан саяси сауатты арттыруға қатысты да түсіндіру жұмыстарын әлі жүргізу қажет.

Мен бір жылы құқық қорғаушылардың форумына Дублинге бардым. Кездейсоқ өз көзіммен бейбіт шерудің куәсі болдым. Араб елдерінің құқық қорғаушысын қудалаған ба, шеруге шыққандар автобустарға мініп алып, өз наразылықтарын еркін білдіріп жүрді. Сол кезде полицейлер наразы топты сыртқы күштерден, арандатушылардан қорғап жүрді. Ең соңында бір парақ қағазын - нотасын елшілікке барып тапсырды. Бізде өкінішке орай құқық қорғау органдарының функциясы керісінше. Полиция қызметкерлері әділ түрде тек биліктің ғана емес, шеруге шыққан азаматтардың да құқығын, қауіпсіздігін қорғауға үлес қосулары тиіс деп ойлаймын.

Үшінші сұрағыңыз бойынша БАҚ-тың мемлекет тарапынан қаржыландырылуына қарсымын. Бұл пікірімді бірнеше жылдан бері айтып келемін. Бұл салаға бірнеше жылдан бері сауалнама да жүргізіп жүрмін. Семинар тренингтерде, медиа алаңдарда бұл мәселені жиі-жиі көтеріп келемін. Еліміздегі 90 % журналистика мемлекеттің қаржысымен өмір сүріп отыр. Бір жағынан мемлекет қолдамаса, басқа қолдайтын тараптар жоқ, жекенің үлесі аз. Оппозиция да, олигархтар да жоқ Украина, Ресей, Қырғызстандағыдай мәселен.

Өз басым мемлекеттік телеарнада, газетте жұмыс жасап көрдім. Екеуінен де кетіп қалдым. Себебі шектеулер көп, шығармашылық бостандық жоқ. Негізі мемлекет араласқаннан кейін қаржылай қолдауға араласып, шығармашылық бостандық жағына, редакциялық саясатқа араласпауы керек. Идеалды түрде батыс елдерінде, Америкада мемлекет қаржылай БАҚ-тарды қолдайды, бірақ ішкі жұмысына араласпайды. Қазақстандық БАҚ-тың тәжірибесінде жеке өз қаражатынан бергендей жаз, жазба деп редакцияларға ықпал еткісі келетін, моллекуласына дейін араласқысы келетін моменттер өкінішке орай бар. Сондықтан ақпараттық саясат саласынан мемлекеттік сатып алуды алып тастап, грандтар беру керек деп есептеймін. Яғни барлығына тең мүмкіндік беру керек. Жақсы жоба ұсынғандар, мейлі жеке редакциялар, телеарналар болса да өз жұмысын жүргізе алатындай болуы керек. Жоба ұсынған соң, ол бизнес жоспарға сәйкес тексеріледі. Бизнес жоспардан ауытқуға болмайтындықтан,

редакциялық жұмысқа мемлекеттің ықпал етуі азаяды. Пікір алуандығы болады. Пікір алуандығы жалпы кез-келген салада болғаны дұрыс. Бұл тікелей дамуға оң әсер етеді. Ал егер жеке адамдар қаржыландыратын болса ол да ашық айтылуы керек. Мәселен соңғы кезде бір адам - бір медиа деген ұғым қалыптасып келеді. Кім қаржыландырды, оны медиа саласы ашық айтса, халықта таңдау болады, адалдық, ашықтық қағидаты сақталады. Егер бір жобаны жүзеге асыратын болса, ол жобаны кім қаржылай қолдағаны туралы міндетті түрде айтылып отыруы керек.

Төртінші сұрақ бойынша айтар болсам, қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеуде комиссия құрамында болған азаматпын. Байқағаным үміткерлер, кеңес мүшесі болғысы келетіндер көп екен. Бірақ көбісі атақ үшін кеңес мүшесі болғысы келетін сияқты, неге келіп отырғанын толық түсінбейді екен. Демек, қоғамдық кеңестің жұмысы былай тұрсын, қоғамдық кеңестің не үшін керек екендігі жөнінде білімдері аз. Араларында қоғам мәселесіне жаны ауыратын жақсы эксперттер де бар. Қоғамдық кеңес жаңа институт болса да, болмаса да біліктілікті үнемі арттырып отыру керек. Тек күнделікті, ағымдық мәселелерді шешу бойынша кеңес өткізген бұл қоғамдық кеңестің идеалды формасы емес. Түгел қоғамның атынан өкілдік ететін болғандықтан қоғамдық бақылауды жүргізуге тиісті біліктілігі болуы керек. Алайда бұл семинарлармен шектеліп қалмауы керек, ашық алаңдар, тәжірибе алмасу, біліктілігін арттыру курстары, халықаралық турлар тәрізді нақты қоғамдық кеңес жұмысын жандандыруға септігі тиетін іс-шараларды қамтуы керек. Литва, Латвия, Америка тәрізді елдердің тәжірибелерін қарау керек. Бірақ бұл тек мемлекет арқылы ғана емес, кез-келген кеңес мүшесі өз біліктілігін арттыруға өзі де мүдделі болуы керек. Мен өз жағдайымда өзіме қатысты біліктілікті ақылы, ақысыз болса да, онлайн, офлайн болса да алуға тырысамын. Себебі әлем дамудың шексіз мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі кезде жасанды интелект шықты. Жалпы қоғам болып жаңашылдықтарға бейімделуге және тәуекелдерді басқаруға үлгеруіміз, әрі үйренуіміз тиіс.

Бесінші сұраққа қатысты айтар болсам, бүгін подкаст түсіргенде де осы жайттарды талқылағанбыз. Чаттар болады "Үкіметтік емес ұйымдар" деген. Соған әкімдік өкілдері кіргізіп қояды. Азаматтық қоғамды серіктес ретінде емес, бағынышты ретінде көреді. Содан басқарғысы келеді. Бұл дұрыс емес. Сенбілікке осыншама ҮЕҰ мүшелері, осыншама ауған соғысының ардагерлері, осыншама мүмкіндігі шектеулі жандар келді деп есеп беріп жатады. Зал толтыруға жұмылдырып жатады. Өкінішке орай деңгей осыдан әрі аспай тұр. Мемлекет қаржыландырғаннан кейін жұмысын ғана талап етуі керек. Тиісті шекаралар сақталуы тиіс. Қосымша жұмыстарға жегіп қоймауы керек. Азаматтық қоғам өкілдері қоғамдық іс-шараларға өз еріктерімен баруы керек. Бұл жөнінде де үнемі айтып жүрмін, басында билігі жоқ, бар десе барып қайтатын болмауы керек, азаматтық қоғам деген ұғымға бұл үлкен сын. Азаматтық қоғам менің түсінігімде басқаша, мемлекеттік сатып алу арқылы емес, грандтық негізде жүзеге асатын жобалар көп болуы тиіс. Азаматтық альянстың бұрын басшысы болған Айгүл Соловьевамен сұхбаттасқан едім. Ол

сұхбатында ҮЕҰ мемлекеттің қаржысына қарап отырмауы керек деген болатын. Бірыңғай Үкіметтен қаржы алып, бағынышты болмай, бизнес өкілдерінен де қаражат тартуы керек деген ой айтқан болатын. Өкінішке орай ҮЕҰ-да масылдық психологиясы бар. Халықаралық қорлардан қаржы алатын болса "иноагент" атанып кету де мүмкін. Сондықтан азаматтық қоғам өкілі болып саналатын ҮЕҰ-ға азаматтық қоғам өкілі ретінде бизнес те көмек көрсетуі керек. Қоғам мүддесі үшін бұл керек. Өзің айналыспасаң да энтузиасттар айналысса қолдау таныту керек. Мысалы, Америкада филантроп, трейдер, әрі инвестор Джордж Соррс қорға қаржы құяды. Сол қорлар әр түрлі институттарға қаржы бөледі, бірақ ішкі жұмыстарына араласпайды. Америкалық ҮЕҰ-дар әр түрлі қорлардан қаржы алады, бірақ оған кім қаржы бөлетініне аса қатты көңіл аудармайды.

Алтыншы сұраққа келер болсақ, азаматтық қоғамның ең белсенді үлгісі - меценаттық дегенмен келісемін. Бірақ әлі де сапалы, ашық, таза, транспарентті, шынайы болса қоғам үшін пайдасы зор болады деп есептеймін. Ол кезде қоғам да, билік те сеніммен қарап, айқындылық болар еді. Басқа меценаттар пайда болып, бәсекелестік болар еді.

Қазіргі кезде апаттар болған кезде, су тасқыны кезіндегі төтенше жағдайда меценаттар жылт етіп көрініп қалады. Қаншалықты өз еркімен беріп жатыр, қаншалықты амалсыздан беріп жатыр, ол жағын айту қиын. Елімізде орын алған соңғы су тасқынына байланысты төтенше жағдай кезінде Форбс тізіміндегі олигархтарға үндеу тастағаннан кейін қол ұшын соза бастады, оған дейін олар да тыныш отырды. Ал бізде ең танымал меценаттық көмек үлгісі ол – қайырымдылық жасау, тұрғынүй мәселесін шешіп беру т.б. ұсақ тұрмыстық мәселелерде айқын көрінеді. Бұл да азаматтық қоғамның белсенділігі. Бірақ бұл бастамалар уақыт өте келе жақсара түсетініне сенемін. Меценаттар әлеуметтік маңызды жобаларға саналы түрде келуі керек. Және сондай жағдай орын алған кезде үлгі ретінде насихаттап, белсенділіктің артуына, оң бәсекелестіктің пайда болуына жергілікті атқарушы органдар ағартушылық жұмыстар жүргізуі керек. Инталандырып отыруы керек.

Респондент № 2 Қойлыбаев Марат Айтуғанұлы - кәсіпкер, меценат, "Құрмет" орденінің иегері, Ақтөбе облысының қоғамдық кеңесінің төрағасы, Ақтөбе облысын мәслихат депутаты, ауған соғысының ардагері, «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектері» республикалық орталық кеңесінің төрағасы, "Ер-бақыт" патриоттық клубы ҚБ-нің төрағасы:

- Саяси партияларға мүше болу негативті қабылданатын себебі – партиялық жүйенің көп уақыт бойы трансформацияға ұшырамауынан деп түсінемін. Негізінде партиялар тұлғалы партия болуға ұмтылып, бәсекелестік орнауы керек. Қоғамның көзі көріп, іші сезіп тұратындай бәсекелестік болатын болса қоғам тарапынан сенім артып, позитивті қабылданар еді. Президент партия құрам дейтіндерге мүмкіндік жасады. Құрамында 5000 адам болса партия құруға болады. Сандық үлесі азайғаннан кейін бұл бағытта бәсекелестік енді болады деп санаймын. Партияның негізгі мақсаты – өз араларынан заң шығарушы органға өз аттарынан өкілдік ететін депутаттарын сайлап, Парламентке барып,

пікірлестерінің мұң-мұқтажын билікке жеткізу. Сондықтан партия құруға, партия мүшесі болудан қашпау керек. Егер демократиялы ел боламыз десек, өз мүдделерін партия арқылы жүзеге асыра алатындай қоғам құруымыз керек.

Бейбіт митингтерге еліміздің Президенті рұқсат берді. Арнайы заң да бар. Бірақ меніңше әлі қоғам дайын емес. Қаңтар оқиғасында көрдік, халық мұң-мұқтажын айтқанымен, ол жерде бейбіт митингке рұқсат сұрау болған жоқ. Халықтың дайын емес екеніне сол кезде көзім жетті. Өйкені бейбіт митинг - өкпе-наз айту үшін емес, мәселені шешуге бағытталуы керек. Ол үшін саяси мәдениет артуы керек. Қаңтар оқиғасы кезінде дүйім жұрттың алдында басу айтып, халықты бірлігімізді бұзып алмауға шақырғаным рас. Проблема айтудың орнына провокаторларға, сыртқы күштердің ықпалына еріп кете жаздағандар, сондай бір көріністер байқалды. Сондықтан бейбіт митингтер мәдени демократиялық ұстанымға негізделіп, нақты жауап алу үшін бірнеше емес бір сұрақты қамтуы керек. Көп сұрақты, көп мәселені қамтып митингке шыққаннан мәселе шешілмейді. Сұрағы да, жауабы да шашыраңқы болады.

БАҚ-тың мемлекет тарапынан қаржыландырылуы - сөз бостандығына кері әсерін тигізеді. Кім қаржы берсе, соның сөзін айтады. Төртінші билік болып тұрып, проблемаларды ашық айтуы үшін БАҚ тәуелсіз болуы керек. Блогерлерді алып қарайтын болсақ та, кім тары шашса, кім бидай шашса, соның сөзін сөйлеп кетеді. Ал БАҚ-ты мемлекет қаржыландырса да демократиялық талаптар сақталуы керек.

Парламентте аграрлық, заңнама және сот-құқықтық реформа, халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік, әлеуметтік-мәдени даму, қаржы және бюджет, экология мәселелері және табиғат пайдалану, экономикалық реформа және өңірлік даму комиттері бар. Олар өз тарапынан заң жобаларын талқылап, пленарлық отырыстарда қарап, министрліктерге өз ұсыныстарын береді. Меніңше, өңірлердегі мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері бір-бірінің функциясын қайталайтын сияқты. Сондықтан қоғамдық кеңестің жұмыс бағытын, бағдарын өзгерту керек деген пікірдемін. Мәселен нақты тақырып бойынша мемлекеттік органдардың есебін мәслихат депутаттары да, қоғамдық кеңес мүшелері де тыңдайды. Бір басқарманы айналдырып алып, қайта-қайта тыңдай беретін болсақ, жұмыс жасауға мүмкіндікті кім береді? Осындай жағдайлар қоғамдық кеңес мүшелері мен мәслихат депутаттарының арасында тайталас туындатады. Мәслихат депутаттары біз шеше алмай жатқан мәселені қоғамдық кеңес қалай шешеді деп немесе қоғамдық кеңес мүшелері біз шеше алмай жатқан мәселені мәслихат депутаттары қалай шешеді деген сияқты келіспеушіліктер орын алатыны да жасырын емес. Мен мәслихат депутаты ретінде де, қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде де жалпы Қоғамдық кеңестің жұмысын әлі де жетілдіре түсу керек деп есептеймін.

Үкіметтік емес ұйымдар қазіргі кезде аты бар да, заты жоқ. Әділет департаментінде тіркеліп, нақты жұмыс жасап жатырғандары 10 %-дың шамасында. Оның өзі гүл егу, тал егу, қаңғыбас иттерді қорғау деген сияқты мәселелермен айналысып жүр. Ал нақты қоғам үшін маңызды жастарды патриоттыққа, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелейтін ҮЕҰ-дар аз.

Сондықтан бірінші кезекте қаржылық бақылау мониторингін жүргізіп, екінші кезекте жақсы сәтті, нәтижелі болатын тиімді жобаларға гранттар бөлу керек деп санаймын.

Елдегі кәсіпкерлер, меценаттар қиын, күрделі сәттерде көмегін беруі керек. Қаржысы бар, сол елдің ауасын жұтып, ырыс-несібін тауып отырған азамат саналы түрде, мәжбүрлеусіз, міндеттеусіз көмек көрсетуі тиіс деп ойлаймын. Мемлекет кәсіп жасауына, бақуатты өмір сүруіне жағдай жасап отырған кезде елінің бір кәдесіне жарап жатса қуану керек. Иmandылық тұрғысынан алып қарасақ та, бұл біздің азаматтық парызымыз деп есептеймін.

Респондент № 3 Асанова Жамиля Касимовна – «АҚДҚ» азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығының атқарушы директоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

- Саяси партияларға мүше болуды оң көзқараспен қабылдау үшін партияның маңызы мен рөлі жөнінде халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Әдетте негатив түсіндіру жұмыстары жеткіліксіз болғанда немесе заңнамалық нормаларды жетілдіру керек болған кезде болады. Мемлекет басшысы партиялардың дамуына мүмкіндік жасады, реформалар қабылданды. Ендігі міндет – ағарту жұмыстарын жүргізу.

Азаматтық қоғамы мықты, демократиялық даму жолын таңдаған мемлекеттер бейбіт митингтер, пикеттер мен демонстрацияларға қалыпты жағдай ретінде қарайды. Өйткені бұлар халықпен биліктің арасындағы диалогтың түрі. Сондықтан қолдамасам, қарсы емеспін. Ең бастысы қоғамдық пікірден бастау алатын митингтер мен елдің біртұтастығына әсер етуі мүмкін саяси дағдарыстардың айырмашылығын ажарата білу керек.

Журналистика азаматтық қоғамның ажырамас бөлшегі. Сөз бостандығы шектелмеуі керек. Бірақ демократия деп дейексіз, жалған ақпараттар таратылмауы керек. Заң бойынша кімде-кім жалған ақпарат таратса, ол үшін жауапкершілік қарастырылған. БАҚ-тың мемлекет тарапынан қаржыландырылуы, бәлкім сөз бостандығына тікелей әсер етпегенімен, ақпарат тарату еркіндігі редакцияларда шектелуі мүмкін. Сондықтан БАҚ-тың жұмысы мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы емес, гранттар бөлу арқылы жүзеге асса тиімдірек болар еді.

Қоғамдық Кеңес мүшелерінің біліктілігі міндетті түрде артырылып отыруы керек. Президент азаматтық қоғамның дамуына ерекше көңіл бөліп отырғанын білеміз. Сондықтан қоғамның атынан өкілдік ететін кеңес мүшелері сол талапқа сәйкес болуы керек.

ҮЕҰ-дардың идеалды жұмысы тұрақты даму мақсаттарын қамтуы керек. Бұл БҰҰ ұсынған 2030 жылға дейінгі даму перспективаларымен сәйкес келуі керек. ҮЕҰ-дардың жұмыстарына мониторинг жұмыстары жүргізіліп отырады, әлі де болса сапа жағына мән беріп, қаржыландыру көздерін дамыту қажет. Жыл сайын гранттар бөлініп отырады. Меніңше әлі де гранттар бөлуді арттырса, билік те, жалпы қоғам да жаңа сипатта дамиды деп санаймын.

Азаматтық қоғам өкілдері қоғамдық істерде белсенді болуы керек. Пікір білдіру, еріктілік таныту, қоғамдық бақылау орнату, өзекті мәселелерді

жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шешу өте маңызды. Ал егер осы істермен қатар меценаттық қатар дамыса, бұл азаматтық қоғамның тек пікір білдіріп қана емес, нақты істерді атқара алатынын анық аңғартады. Бірақ меценаттардың атқарған іргелі істері қоғамда мемлекеттің қауқарсыздығы деп емес, керісінше азаматтық қоғамның белсенділігі деп қабылдануы керек деп ойлаймын.

Сарапшылардан алынған сұхбаттың нәтижесінде елімізде азаматтық қоғамды дамытуға арналған факторлар мен проблемалық мәселелерді жоюға бағытталған ұсыныстар жинақталды.

Ашық ақпарат жүйесіндегі ақпаратқа сәйкес саясаттанушы Дос Көшімнің айтуынша, қоғам белсенділері соңғы уақытта митингті "модаға" айналдырған.

– Біз 90 жылдары митингті саяси тәсіл есебінде, белгілі бір қоғамдық мәселені қойған уақыттарда соны көрсету үшін, халықты соған жұмылдыру үшін пайдаландық. Менің ойымша соңғы уақытта митингті "сәнге" айналдырды. Митингке шыққан азаматтар 3-15 күн абақтыға отырғаннан кейін өздерін "батыр" санайтын сияқты. Мен өз басым бұл бағытты мүлдем қолдамаймын. 15 немесе 5 күн қамауда отыру "батырлық" емес. Билікті өзгертудің сан түрлі жолдары бар. Біз соның бәрін пайдаланбаймыз. Оны пайдаланудың орнына тек қана алаңға, көшеге шығамыз. Бұл тек халықтың ашу-ызасын көрсету. Митингіге шыққан белсенділер қазіргідей бірнеше бағытты емес, бір ғана бағытты ұстанып, талап қоюы қажет, – дейді Дос Көшім. Мәселен жер мәселесі кезінде 8 облыста митинг ұйымдастырылды. Халық шықты. Содан кейін жер комиссиясы құрылды, бес жылға мораторий жарияланды. Елдің арқасында мәселенің шешімі табылды. Енді біз әрі қарай сондай тәсілді қолдана отырып, өзіміздің мақсатымызға жетіп, заңды өзгертуіміз қажет. Митингке шыққан халық бес бағытты емес, бір ғана бағытты айтуы керек. Халық бір бағытта жеңіске жеткеннен кейін ғана екінші бағытты қолға алуы керек. Ал халықты көшеге шығарып, тек қана айқайлатып қана қою саяси тәсіл емес. Бұл өте қауіпті тәсіл деп ойлаймын. Саясаткер ретінде митингті саяси тәсіл есебінде пайдалануды жүз пайыз қолдаймын, – деп атап өтті ол.

Саясаттанушы Бауыржан Серікбаев "митинг заң аясында өтсе – саяси сана мен демократия қалыптасып келеді" деген пікірде.

– Митинг – барлық өркениетті елдерде бар нәрсе. Бұған қатты үркіп, қорқа қараудың қажеті жоқ. Бұл жұмыс істеп тұрған азаматтық қоғамның көрінісі. Митингке шығу да азаматтардың құқығы. Жалпы белгілі бір мәселені билікке айтып, жоғары жаққа жеткізу үшін де митингтің болып тұрғаны дұрыс. Бірақ митинг заң аясында өтсе, жеке бизнес зардап шекпей, адам шығыны болмай, бейбіт түрде болса бұл жақсы үрдіс. Демек саяси сана мен демократия қалыптасып келеді деген сөз. Әрине митинг мәселені түбегейлі шеше қояды деу де қиын. Дегенмен үкіметтің назарын өзіне аудартып, ойын жеткізу үшін қажет, – дейді саясаттанушы Б. Серікбаев [19].

Шет елдік тәжірибе – Болгария Республикасындағы азаматтық қоғам. Болгария Республикасының азаматтық қоғамы қалыптасқан және мемлекеттік

шешім қабылдау процесіне азаматтық қоғам өкілдері ақпараттандыру, кеңес беру, диалог, серіктестік деңгейлері бойынша қатыса алады.

Ақпаратқа қол жеткізу азаматтық сектордың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуының негізі болып табылады.

Ақпараттандыру - бұл үкіметтің азаматтарға қатысты біржақты әрекеті, ол оларды шешім қабылдау процесіне тартады, сонымен қатар азаматтардың ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығын да қамтиды. Консультациялар азаматтар мен азаматтық қоғам ұйымдарын тартудың ресми формасы болып табылады. Сол арқылы билік нақты тақырыптар немесе саясаттағы өзгерістер туралы азаматтық қоғамның көзқарасын біледі.

Болгарияда бейбіт митинг – диалогтың түрі болып табылады. Және оның өз мәдениеті бар. Бейбіт митингтер мен шерулер, пикеттер өткізу арнайы заңмен қарастырылған. Губернаторлардың/мэрлердің бейбіт митинг өткізуге рұқсат бермеуге құқығы жоқ. Наразы топ тіпті Президенттің алдында еркін түрде митинг ұйымдастыра береді. Оған қысым көрсетілмейді. Алдын ала қанша адам қатысады, қай күні, сағат нешеден нешеге дейін өтетіні жөнінде хабарлама беріп митингтер өткізіле береді. Қоғамдық қауіпсіздік сақталады. Митингтерде тұрмыстық мәселелерге қарағанда қоғамдық-саяси сұрақтар жиі көтеріледі. Тағылымдама кезінде куә болғанымыздай, соңғы митинг босқындарға қатысты болды. Қазіргі уақытта Болгария Республикасының аумағында 12 мың ресейлік, 16 мың украиналық босқындар бар. Жергілікті халық аталған екі ел арасындағы гео-саяси жағдайға, соғысқа наразы. Осыдан-ақ болгарлардың әлемдік мәселелерге де бей-жай қарамайтынын байқауға болады.

Болгариядағы басқарушылық шешімдер қабылдауға азаматтық қатысуды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер:

1. Болгария Республикасының Конституциясы;
2. Нормативтік актілер туралы заң;
3. Әкімшілік іс жүргізу кодексі;
4. Жергілікті басқару және жергілікті басқару туралы заң;
5. Азаматтардың мемлекеттік билікке және жергілікті өзін-өзі басқаруға тікелей қатысуы туралы заң;
6. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заң және т.б.

Азаматтардың құқық шығармашылығына қатысу құқығы ұлттық заңнамамен және халықаралық құжаттармен расталған. Болгария заңнамасы азаматтар мен қоғамдық ұйымдарға өз ұстанымдарын айтуға, балама шешімдер ұсынуға және мекемелерге ұсыныстар беруге мүмкіндік береді. Заңнаманы талқылау және кеңес беру процесіне қатысу - нормативтік актілер туралы Заңның 26-бабында қарастырылған. Құзыретті орган жариялауға немесе қабылдауға тиісті нормативтік актіні бергенге дейін құрастырушы оны тиісті мекеменің сайтында осы актінің негіздемесі туралы дәлелдермен, баяндамамен және нормативтік актілер туралы Заңның 20-бабына сәйкес әсерді алдын ала бағалаумен бірге жариялайды. Егер жобаның авторы атқарушы орган болса, жариялау қоғамдық консультациялар порталында, ал егер жобаның авторы жергілікті өзін – өзі басқару органы болса-тиісті муниципалитеттің және/немесе муниципалдық

кеңестің сайтында жүзеге асырылады. Қоғамдық талқылау үшін жарияланатын жобалар бойынша ұсыныстар мен қорытындылар беру мерзімі кемінде 30 күнді құрайды. Айрықша жағдайларда және Заң жобасының себептерін анық көрсеткен жағдайда, тиісінше - баяндамада құрастырушы өзге мерзім белгілеуі мүмкін, бірақ кемінде 14 күн. Қоғамдық талқылау аяқталғаннан кейін және тиісінше-нормативтік акт шығарылғанға дейін жоба авторы қабылданбаған ұсыныстардың негіздемесімен бірге келіп түскен ұсыныстар туралы есепті тиісті мекеменің сайтында жариялайды. Егер жобаны әзірлеуші атқарушы билік органы болып табылса, анықтама бір мезгілде қоғамдық консультациялар порталында жарияланады [20]. /www.strategy.bg/

Болгария Республикасы Конституциясының 45-бабы азаматтардың мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен өтініштер беру құқығын айқындайды. Мұның жасалу тәртібі заңнамамен реттеледі. Ұлттық контексте мұндай органдар Халық жиналысы (Народное собрание) мен Министрлер Кеңесі (Совет Министров) болып табылады.

Азаматтық қатысудың негізгі алғышарттарының бірі – қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу. Бұл іргелі құқыққа конституциялық және заңнамалық деңгейде кепілдік беріледі.

Болгария Республикасының Конституциясы азаматтардың ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға жалпы құқығын, ал мекемелер үшін тиісті мәселелер азаматтарға заңды қызығушылық тудырған кезде ақпарат беру міндетін анықтайды (41 - бап).

Нақты ережелер мен процедуралар қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңмен реттеледі.

Азаматтық қатысу жеке тұлғаларды, азаматтық ұйымдарды және тұтастай алғанда азаматтық қоғамды басқарушы органдардың шешім қабылдау процестеріне тартуында көрінеді. Саяси шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қатысу саяси партиялармен өзара әрекеттесу және іскерлік мүдделермен байланысты лоббизм арқылы саяси қызметтен ерекшеленеді. Жергілікті деңгейде азаматтар мен заңды тұлғалар муниципалдық кеңестің комиссияларына құқықтық актілерді қабылдау үшін жазбаша ұсыныстар мен қорытындылар енгізе алады Сондай - ақ, өз жұмысында тұрақты және уақытша комиссиялар сарапшылар мен кеңесшілер сияқты сыртқы адамдарды тарта алады.

Магистрлік жобаны дайындау барысында қолданылған әдістер мен қол жеткізген ақпараттарды жүйелей келе төмендегі ұсыныстарды енгіземін:

- Өңірлердегі әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің қорытындысы негізінде әлеуметтік шиеленістер картасын дайындап, Қоғамдық Кеңестердің жұмысында пайлану арқылы әлеуметтік шиеленістердің, митингтердің алдын алу;

- БАҚ пен ҮЕҰ-дардың қызметін мемлекеттік гранттар бөлу арқылы ұйымдастырып, барлығына тең мүмкіндікті қамтамасыз ету;

- Бірлескен нәтижелерге қол жеткізу үшін ортақ мақсаттарға, міндеттерге және ресурстарға негізделген мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы

серіктестік орнатуды дамыту мақсатында меценаттар арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызы жоғары жобалардың тізілім кестесін жасау;

- «Халық қатысатын бюджет» жобасына жергілікті тұрғындар ғана қатысатындай шектеулер енгізу;

- ҮЕҰ-дардың мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуын реттеуді жетілдіру;

- Қоғамдық-саяси ахуалдың өршімеуіне, шиеленістердің, әлеуметтік мәселелердің қордаланбай уақтылы шешілуіне, қоғамдық саяси мәдениеттің өсуіне, қоғамды одан әрі демократияландыруға ықпал ету мақсатында елімізде Болгарияның бейбіт митинг өткізу тәжірибесін енгізу;

- Азаматтардың мемлекеттік билікке және жергілікті өзін-өзі басқаруға тікелей қатысуын арттыру мақсатында қоғамдық консультациялар порталын іске қосу;

- Қоғамдық талқылау аяқталғаннан кейін қабылданған ұсыныстардан бөлек, қабылданбаған ұсыныстардың негіздемесі туралы есепті тиісті мекемелердің сайтында ашық көрсетуді енгізу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Магистрлік жобадағы азаматтық қоғамды дамытуға арналған әдістер мен шет елдік тәжірибелер еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етіп, тәуекелдердің, әлеуметтік шиеленістердің алдын алып, қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға бағыттталып отыр. Азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету уақыт талабы. Соның ішінде жыл сайын республиканың барлық өңір, аудандарында, ауыл-аймақтарында жүргізілетін әлеуметтік зерттеулердің қорытындыларын негізге алып, кемшіліктерді жою үшін Қоғамдық кеңестердің жұмыстарында тиімді пайдалану, сол арқылы әлеуметтік шиеленістердің алдын алу, бейбіт митингтердің мәдениетін дамыту, ҮЕҰ-дар мен БАҚ-тардың жұмысын жетілдіру, оларға мемлекеттік гранттар бөлу, халық қатысатын бюджет жобасын дамытып, жергілікті тұрғындар дауыс бере алатындай механизмдерін жетілдіру, меценаттық қызметті азаматтық белсенділіктің жоғарғы мәдениеті деңгейіне жеткізу арқылы азаматтардың мемлекеттік маңызы бар істерге қатысуын дамыту мемлекет пен қоғамға қатысы бар ортақ іс. Сондықтан азаматтық қоғамға "Ауыл – ел Бесігі" бағдарламасы шеңберінде өңірлік стандарттар жүйесінің тиімділігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу тұрақты дамуға қол жеткізуге ықпал етеді.

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы азаматтық қоғамның мысалындағы тәжірибе мен әдістерді тарату және оның қолданылу аумағын арттыру жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқара алады. Сол арқылы жергілікті қауымдастықтар өз мәселелерін өз бетінше шешу қабілетін нығайтып, халықтың осал топтарына жәрдемдесіп, тәуекелдер мен сын-қатерлерге төтеп беруге, экономикалық дамуға және инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесе алады. Мұндай іс-шаралар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ғана емес, жалпы өңірдің тұрақты дамуын қалыптастыруға да ықпалы зор. Мемлекет пен қоғам арасында сындарлы диалог әдістері жан-жақты дамығанда азаматтардың мемлекеттік билікке сенім деңгейі артып, ішкі саяси тұрақтылық сақталады. Осылайша, азаматтық қоғам Қазақстан үшін неғұрлым әділ және орнықты болашақ құруға ықпал ете отырып, орнықты дамудың қуатты қозғалтқышына айнала алады. Жобада қарастырылған әдістер мен ұсыныстар заңнамалық нормаларға қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді қамтып отыр. Жобадағы ұсыныстар алдағы уақытта тиісті салалық министрлік деңгейінде қарастырылып, ҚР-ның Парламентінде талқыланып, қолданыстағы Заңдарға халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға арналған тиімді өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне ықпал етеді деп есептеймін. Азаматтық қоғамды дамыту – демократиялық принцип. Заң үстемдігі мен заң әділдігі басты құндылық болып орнаған азаматтық қоғамда пікір алуандығы мен азаматтардың бастамашылдығы жаңа деңгейге шыға алады. Ал кез-келген демократиялық қоғамның орнауы үшін билік пен азаматтардың ортасында келісім орын алуы тиіс. Сонда ғана саяси сауаты жоғары, салауатты азаматтық қоғамды орната аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі саммитіндегі баяндамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-buu-nyn-ornykty-damu-maksattary-zhonindegi-sammitine-katysty-1885552> Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

2 Әлем елдерінің баспасөз еркіндігі индексі. Ranking.kz Gallup International сайлау ұйымдарының халықаралық қауымдастығы, BISAM Central Asia әлеуметтік және маркетингтік зерттеу орталығының сайты.– URL: <https://nonews.co/directory/lists/countries/worldwide-press-freedom-index> Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

3 Әлем елдері баспасөз еркіндігіндегі Қазақстанның орны. Ranking.kz Gallup International сайлау ұйымдарының халықаралық қауымдастығы, BISAM Central Asia әлеуметтік және маркетингтік зерттеу орталығының сайты. – URL: <https://ranking.kz/kz/sholu/world-kz/demokratiyanyn-zhahandyk-zhagdayy-indeksi-boyyynsha-kazakstan-ortashadan-tomen.html> Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

4 А.Бисенқұлов. Журналисттік зерттеудің ерекшеліктері. – URL: <https://showslide.ru/zhurnalistik-zertteudinh-erekshelikteri-762570#:~:> Жүгінген күні: 18.03.2024 ж.

5 ҚР Ұлттық экономика министрі Ә.Қуантыровтың «ҚР елді мекендеріне арналған өңірлік стандарттар жүйесі туралы» Үкіметтік сағатқа арналған баяндамасы. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/article/details/126203?lang=ru> Жүгінген күні 27.04.2024 ж.

6 Р.Ақмағанбет. «Алаш демократиясы» өркениетті қоғам құру жолында. Алматы: 2022. -296 б. 199 бет.

7 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексі. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481> Жүгінген күні: 28.04.2024 ж.

8 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350> Жүгінген күні: 28.04.2024 ж.

9 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> Жүгінген күні: 29.04.2024 ж.

10 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148> Жүгінген күні: 29.04.2024 ж.

11 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. // ҚР нормативтік-

құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> Жүгінген күні: 30.04.2024 ж.

12 «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000211> Жүгінген күні: 30.04.2024 ж.

13 «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401> Жүгінген күні: 30.04.2024 ж.

14 ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің жұмыс тобының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 25.09.2023 жылғы отырысы, № 1 стенограмма.

15 Қазақстан Республикасының Конституциясы. // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> Жүгінген күні: 30.04.2024 ж.

16 Ақмағанбет Р. «Алаш демократиясы» өркениетті қоғам құру жолында. Алматы: 2022.-296 б. 199 бет.

17 ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің жұмыс тобының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 27.09.2023 жылғы отырысы, № 2 стенограмма

18 Кабылов А. Қазақстан Республикасындағы Қоғамдық кеңестердің жұмысын дамыту // Интернаука (Молодой исследователь: вызовы и перспективы). – М, 2024. -№1 (339). – URL: <https://elibrary.ru/leenmd>


19 «Митинг ел мәселесін шеше ала ма?» сарапшылар пікірі. – URL: <https://qamshy.kz/article/59558-miting-el-maselesin-sheshe-ala-ma-sarapshylar-pikiri> Жүгінген күні: 19.03.2024 ж.

20 Министерски съвет Портал за обществени консултации – URL: <https://www.strategy.bg> Жүгінген күні: 20.03.2024 ж.

1-қосымша
ҚР Премьер-Министрінің ҚР Парламент Мәжілісіне жолдаған хатының
көшірмесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ		ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі		010000, город Нур-Султан, Дом Правительства
№ _____		
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі		
«Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА		
<p>«Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 117-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.</p> <p>Заң жобасының негізгі мақсаты азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.</p> <p>Баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.</p>		
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі		А. Мамин

2-қосымша
Әлемдегі баспасөз бостандығы индексі мен демократия картасы



■ Жақсы жағдай ■ Қанағаттанарлық жағдай ■ Елеулі проблемалар
■ Қиын жағдай ■ Өте ауыр жағдай

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Жоба (зерттеу) авторы: Кабылов Арман Сагинтаевич;
Ғылыми жетекшісі: Тугелбаева Айжан Әлімқызы - Басқару институты доцентінің м.а.

Жоба (зерттеу) идеясы	Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамын дамыту (Ақтөбе облысы Қобда ауданының мысалында)
Проблемалық жағдай (кейс)	Азаматтық қоғамды жаңғырту – бұл бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден екіншісіне ауысу кезінде әлеуметтік-мәдени және саяси салаларда мақсатты қайта құру қажеттілігімен байланысты Даму функцияларының бірі. «Қаңтар оқиғасынан» кейін азаматтық қоғаммен санасу, азаматтық қоғамды жаңғырту мәселелерін жүйелі түрде жүргізу және қалыптастыру қажеттілігі айқын көрінді. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды міндет болып табылады. Бұл үдерісте азаматтардың, үкіметтік емес ұйымдардың және қоғам белсенділерінің, волонтерлардың белсенді қатысуы елеулі рөл атқарады.
Аталмыш проблема бойынша қолданыстағы шешімдер	Азаматтық қоғамды дамыту бойынша қолданыстағы заңдардың ауқымы кең емес. Қоғамдық бірлестіктер мен Үкіметтік емес ұйымдарды қаржылық қолдау, олардың әлеуетін кеңейту, ашықтық, ақпаратқа қолжетімділік, қоғаммен сындарлы диалог орнату әлі де дамытуды қажет етеді.
Аталмыш проблема бойынша ұсынылатын шешім	Магистрлік жобада азаматтық қоғамды дамытуға байланысты сөз бостандығын шектемеу, журналистік зерттеулер жүргізу, азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастама жасауын дамыту, қоғамдық институттарды және олардың жұмысын дамыту, қоғамдық бірлестіктер құрудың механизмдерін жетілдіру, халық қатысатын бюджет, бейбіт митинг, шерулер ұйымдастыру бойынша жаңа әдістер мен тәсілдер, шет елдік тәжірибе ұсынылады
Күтілетін нәтиже	Азаматтық қоғамды дамытуға арналған аталған әдістер қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, азаматтардың белсенділігін арттырады. Бұл тәсілдер жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын жүйелендіріп қана қоймай, әлеуметтік маңызы жоғары мәселелердің шешілуіне бөлінетін қаржының мақсатты жұмсалуды қамтамасыз етеді. Туындаған сұрақтарды дер кезінде тиімді шешуге ықпал етіп, жергілікті атқарушы органдардың жұмысының тиімділігін арттыруға өз септігін тигізеді.
Әдебиет	<ol style="list-style-type: none"> 1 Руслан Ақмағанбет. «Алаш демократиясы» өркениетті қоғам құру жолында. Алматы: 2022. 2 «Роль гражданского общества в современном Казахстане» - Аманжолов А.С. 3 Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі саммитіндегі баяндамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-buu-nyn-ornykty-damu-maksattary-zhonindegi-sammitine-katysty-1885552 Жүгінген күні: 28.01.2024 ж. 4 Әлем елдерінің баспасөз еркіндігі индексі. Ranking.kz Gallup International сайлау ұйымдарының халықаралық қауымдастығы, BISAM Central Asia әлеуметтік және маркетингтік зерттеу

	<p>орталығының сайты.– URL: https://nonews.co/directory/lists/countries/worldwide-press-freedom-index Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.</p> <p>5 ҚР Ұлттық экономика министрі Ә.Қуантыровтың «ҚР елді мекендеріне арналған өңірлік стандарттар жүйесі туралы» Үкіметтік сағатқа арналған баяндамасы. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/article/details/126203?lang=ru Жүгінген күні 27.04.2024 ж.</p> <p>6 ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің жұмыс тобының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 25.09.2023 жылғы отырысы, № 1 стенограмма.</p> <p>7 ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің жұмыс тобының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 27.09.2023 жылғы отырысы, № 2 стенограмма</p>
--	---